Десе де Махмұт Қашқаридың «аспандағы он екі жұлдызды белгілеу» [12] дегеніндей, халқымыздың жыл қайыруға он екі хайуанды аспан әлеміндегі күн жүйесіндегі он екі зодиак есебіндегі «тоқты», «торпак», «егіздер», «шаян», «арыстан», «бикеш», «мизан», «сарқан», «мерген», «сушы», «балық» осы он екі жұлдызбен әрқайсысында бір айдан аялдайтындығы (тоқтап тұру емес, өту мерзімін айтады) осы арқылы әр үш жұлдызға үш ай уақытпен өту арқылы он екі жұлдыздан өткенше төрт маусымның пайда болатындығын дәлелдей келіп, әрбір ай, күн, сағатына қарай сол уақытта туылған адамның тағдыры он екі жұлдызға қатысты болатындығын айтады. Тіпті он екі жұлдыздың сол кездегі ішкі ерекшелігіне қарай сонда туылған адамның мінез-құлқы, сана-сезімі, бақ пен соры – бәрі-бәрі байланысып жатады дей келіп, он екі жылда мүшел жас айыру, әр он екі,

он үш жылды бір мүшел шығарып, бұларға да жұлдызбен тағдырластығын ескере келіп, ағаш, темір, от, жер, су сякты заттармен салыстыра, ғұмыр – өлім, бақ – сор межелеп, «мүшел жылды» қатер жыл ретінде санайды. Мысалы: жылқы жылды адамды «жұлдызы жарық, өлімі таңмен таласып кетеді, бақытты, бірақ топырағы жеңіл, мінезі шапшаң, адамдармен оңай іштесе қоймайтын, әйтсе де мүшел жасында абайламаса қатер негізінен (дұшпанынан) не тұтқиыл болады» деп есептейді. Бұған қарағанда таңмен таласатын жарық жұлдыз өзімізге белгілі. «Ақбозат» пен «көкбозат» болуы мүмкін ғой. Ал қой жылғы адам немесе «тоқты», «қамал», жұлдыз жылғы адамның мінезі ауыр, зерек, бірақ аурушан, пысық, адамдармен шығысымды, бірақ топырағы жеңіл, орташа шарықты тұрмыс кешіретін, өлімі ажалдан болады. Мүшел жыл абайлау, ауыр қатер дей келіп, осы жылы ауа райы күбылмалы, жыл басы жақсы болса да қыс ортасы қатты, қыс аяғы тез шығады. Бұл жылы үркер суға түседі дей келіп, қалайда он екі жыл, он екі хайуан, он екі жұлдызбен тәуелденіп бәрі адамдармен тағдырлас, табиғатпен қатысты болатындығын мойындап, он екі цифрының жұлдызбен қатыстылығын айпарадай етеді.

Он екі ай мен амалдар. Ай мен амалдар туралы пікірлерімізді түсінікті әрі факті етіп көрсету үшін мақаламыз сәл ұзарса да халықтық астрономиялық аңызар туралы тоқталып, оларға талдау жасауымыз керек болды.

1-аңыз. Ертеде От амалы атты бір бай болыпты. Оның бәйбішесінің аты Наурыз екен. От атты ұлы, Әз атты келіні, Заура атты қызы, Ақпан атты қойшысы болыпты. Ақпан қаңтардың он жаңасында қойын отарға айдайды. Ақпан қойды айдап ауылдан алыстап кеткенде қалың қар жауып, ақ мылтық боран алты күн соғып, қой қырылып, Ақпан үсіп өледі.

Қаңтардың жиырма жаңасында қой мен қойшыны іздеп От аттанады. Ол үйден шыға дауыл шығып алты күнге созылған боранда От та үсіп өледі.

Бірдің айының он жаңасында із-тозсыз кеткен мал мен жанды іздеп Әз келін жолға шығады. Түкірік жерге түспейтін аязда он бес күн жүрген ол да үсіп өледі.

Бірдің айының жиырма жаңасында Наурыз бәйбіше де мал-жанын іздеп жолға шықпақшы болады, күн райы бұзылып қапалақтап қар жауады. Осыдан бес күн бойы жауған қар құрық бойы болады. Қалың қарда жолға шыға алмаған Наурыз бәйбіше қап түбіндегі әр түрлі дөндерден тілеу көже жасайды.

Көкек айының он жаңасында мал-жанын іздеуге Наурыз бәйбіше шығады. Бұл кез жер бауыры жіпсіген, күн көзі ашылған кез екен. Екінті еңкейе ауа райы бұзылып боранға айналып Наурыз атты қарт та өледі.

Мамырдың он жаңасында тағы боран-шашын болады. Көрші ауылдан шоқ әкеліп от жақпақ болған Зауза бикеш сары атына мініп жолға шығады. Ақыры боранда адасып Зауза да сары аты да жоғалады. «Сары атты зауза» амалы осы екен.

1-аңызға талдау. Мұнда қаңтар айынан мамыр айына дейінгі төрт мезгіл сөз болған «ақпанды» халқымыз жұлдыздың аты дейді. «Ақпан» деп жүрген қаңтардың 14-, 19-күндері «ақпан» жұлдызы батыстан пайда болып жарқырап көрінеді екен. Егер ай басында көрініп қалса, ай ортасында алты күн боран болады. «Алты күн ақпан», яғни «ақпан – тапқан алты күн, қысып кетсе қатты күн, кемелекті кетеді, шекпенді шертеді» деп «үштің айына» жатқызады. Бұнысы қыстың үш айына тең ай демекші. Ендеше аңыздарда «ақпан орындарында кетсе» әзіргі амалда ақпан амалы 10–15-күндері деседі. Бұл күніміз ақпан жұлдызы емей не?

«Қаңтар» үркердің қаңтарулы қалғаны немесе жан-жануар алдағы қиын күнде өздігінен қаңтарылатындығы айқын. Ал қаңтар айында үркер (жұлдызы) ай басында таңнан жамбастап көрінсе, бұл айдың жақсы болғаны, ай аяғын ала «от» (жұлдыз) қиыр шығыстан қадалып алса және боран – шашын қатты болады екен. Аңызда «от алты күннен соң өледі». Халық түсінігінде «от» ұқсас жұлдыз болып, «Диуани түркі лұғатта», «күлпытас» та «от» сиыр жылын меңзейді. «Құтты білікте» «қозы жазғы жұлдыз онан кейін от келер» [12] деп көрсеткен. Бұған қарағанда жоғарыдағы «от жұлдызының уақытымен «от» амалының орны ауысқан сияктанады. Ал «үркер» араб тілі болып, қазақшалағанда «бұқа» мағынасындағы қыс күндері көп көрінетін жұлдыз. Сондықтан да халқымыз «үркерлі күннің бәрі қыс» деп үркердің қыста болатындығын анықтаған. Сондықтан аңыздарда «от» боранда өлетін себебі осыдан болса керек.

«Әз – аңызда жоғалған малдың артынан Әз келін кетіп үсіп өледі», «әз» жұлдызын «әу», «азиза» жұлдызы деп те атайды екен. Бұл жұлдызды енді біреулер «бірдің айында көк аспанда дәл төбеден пайда болатын жұлдыз он бес күн қадалып тұрып жоғалады мыс. Осы «әз» жұлдыз әдетте, көк аспаннан төңірегіне нұр шашып жарқырап жымындап тұрады екен. Дәл осындай жарығын маңына шашырап тұрса ғана алдағы күні немесе ертеңгі күннің райы жақсы, сарғайып қадалып алса аяз болады деседі. Сондықтан да халық «қыстың басы енді ғана басталды» деу арқылы «бірдің айы» десе керек. «Бірдің айында жұтасаң бірден сараң бересің» деп қыстың суығының көбі кетіп, алдағы шуақты күнге тез жетуге Әз ана тілеу жасамады ма? «Әз болмай мәз болмайды» деседі халық.

«Наурыз» аңызда: «Наурыз бәйбіше тілеу тілейді», ал халық бірінші айдың 20–25-теріндегі амалды «наурыз» дейді. «Наурыз», «норыз» атты французша жұлдыз аты, қазақша (жылылық) мағынасында, «норыз» жұлдызы – наурыз айының аяғында бес не жеті күн таңмен таласып сөнетін жұлдыз. Осы аралықта наурыз жұлдызы көрінбесе қыс аяғы созылу қаупі бар-мыс (әзіргі от амалы ескіше осы айда келеді екен), ал «от» амал болып жүр, «от», «ыұт» атты (балық) мағынасындағы жұлдыз «наурыз» жұлдызы жоғалған соң кеште терістіктен жап-жарық болған «күт – от» жұлдызы көрінеді, егер осы жұлдыз көрінбесе қыс аяғы ұзарады, апат болады. Ал ел орнына отырып мал қораланғаннан кейін «от» қадала қараса, жаз шығып

қыстың ақырласуының белгісі екен. Міне бұл мөлшермен 3-ай 12–15-і күндері жоғарыда айтқан қозыдан кейін келетін «от» міне, осы болмады ма? «Жаз жайлауын саз деймін, наурыздан соң жаз дейміз» деп наурыздан соң күн қарға адым ұзарып, күн мен түннің теңесіп, күн жылып жаз хабаршысы көкектің дауысы естіледі. Жер көгеріп, қыстан шыққан ел мен малдың да көсегесі көгерген кезді малшы қауым «көкек» айы деп, осы айдан жылылыққа қарай «от» жұлдызын амалға айландырып «от келді, шаруаның артына күт кірді», «от амалы отын алып келеді, отын алып келмесе, шотын алып келеді, жақсылыққа басса от алғанша, жамандыққа басса ойылғанша» деп қорытындылайды. Әйтсе де «қамам» (көгершін) жұлдызы осы айда пайда болатындықтан «көкек» аталған деуге де ойлануға болады.

«Зауза» – зауза аңызда өледі. Ал амалда «саратан», «зауза» екі амал осы бір айдың бас, аяғында келеді. «Зауза», «жауза» деген (шекілдеуік) мағынасындағы жұлдыз. Біреулер 4-айдың 2-күндері түстіктен пайда болатын екі жарық жұлдыздың бірі «зауза», бірі «саратан жұлдызы» дейді, екі жұлдыз тезден ғайып болса боран-шашын болады, мал мен жанға қауіп болады. «зауза бұрқырап ызаланып кетті» дейді. «Құрық бойы қар жауса, құлдың малы өлмейді» деген кез осы шақ деседі. Енді біреулер «зауза» жұлдызы 3-айдың аяғы, 4-айдың басында түн ортасы ауа үркермен тілдесіп бәсекелесе жылжитын екі жұлдыз деседі. Егер үркермен екі жұлдыз бәсекелесе, қыс аяғы ұзарады, апат болады, үркерден арқан бойы алыс қалса онда жаздың шыққаны деседі.

«Саратан», «зауза» амалы «сәуір» (өгіз мағанасында) жұлдызбен бірге қосылады. Бұл кезде күннің өз орбитасында кезігетін он екі зоряң шоқ жұлдызы басып өтетін уақыт десек олар: «қамал», «сәуір», «саратан», «зауза», «әсет», «азира», «мизам», «ақпан», «қауыс», «жади», «дәлу», «от» болып сап түзеиді. соның бірі «сәуір» жұлдызының 2 – айы біз айтып отырған кез жанаша 3 – ай аяғы 4 – ай басы осы «сәуір» немесе «көкек» де күннің көл айналған жайы бар, жер қызып орман жақтан көкек шақырады, «сәуірдің» бұрқак – бұрқак бұлты көл жағалаған аққудай көк аспанның көгілдір күнбезіне қонақтаса жоғарыда айтқан «саратан» мен «зауза» жұлдызының «сәуір» жұлдызына қосылғаны емей не?

Ал «ғұта» көбелек делініп қозы мен «от» жұлдызынан соң «ерандіз», «қошық» атты екі жұлдыз келетінін айтады. Мұндағы «қошық» әзіргі «жеті қарақшы» екеніне шүбәланбасақ та «ерандіз» жұлдызы жоғарыда айтқандай «қошақпен бірге жүреді» деуіне қарағанда «ақбозат» пен «көкбозат» болуы мүмкін. Қалайда халқымыз «сәуір жылдың ақырласуы» дей келіп «сәуір болмай тәуір болмайды» деп сәуірден соң барлық жан-жануар жәндіктердің мамырлай басып, таудан бұлақ сырғып, сынғырлай ақса, төрт түлік мал да көкке тойып іші шығып, ақ сүтін күркіреткен молшылық жағдайға қарап «мамыр айы май ішек» дейді.

Ал «саратан» (ала бел өгіз) мағынасында, біреулер осы жұлдызды 4-ай басында пайда болатын жұлдыз деседі. Енді біреулер «көкектің» дөңгелек

айының басында кеш бата түстіктен көтеріліп дара үш жұлдыздың аралығында болады дейді. Осы жұлдыз ашық шаңқиып көрінсе жаздың шыққаны, алғы үш жұлдызбен сағымы тұтасып қоралана көрінсе апат болады екен деседі. Қалайда «саратан» жұлдызы маусымның басында пайда болатын көрінеді. Өріс мыңғырған, төлі жамыраған, он сегіз мың ғаламға тіл бітіп, көл сағым ойнап, аспанда боз торғай әндетіп, ауыл түтіні жер ошақтан көтеріліп, төлдер асыр салған кезде қалайда бір жылдың жарымы өтіп ендігі бір қыстың дайындығы бастайтын кезі дегендеи осы айды «маусым» деп атаса керек халқымыз.

2-аныз. Ертеде біреудің үш ұлы, бір үлкен алып өгізі болыпты. Өгіздің басы мен бөксесінің аралығы күндік жол екен. Ағайынды үш жігіттің үлкені бас жағын, қарын тұсын ортаншысы, бөксе жағын кішісі қарайды екен. Бір күні кенжелері жарым күн жүріп ортаншы ағасына, ортаншы ағасы екеуі жарым күн жүріп үлкен ағаларына келіпті. Өгіздің шөп жемеі, бүйірі шықпай, жапаламай тұрғанын кеңесіп, өгізді бір үлкен көлге апарды. Өгіз көлдің суын тауысып ішіп қойғанда, көлдің түбінде жатқан алып жайын өгіздің өзін жұтып қояды. Су таусылған соң көлдің бойындағы күстар ұшып кетеді. Ел көшеді. Сол кезде күннің көзін қара бұлт қаптап, қанатынан қар, түмсыыынан мұз тамған қара күс келіп өгізді жұтқан жайынды іліп, шырқау көкке көтеріліп кетіп, таудың бөктерінде жайылып жүрген қойдың ішіндегі таудың бііігіне жайылып шығып алған көк серкенің бауырында желмен жауыннан паналаған қойшы отырғанын көрген – күс, дәл көк серкенің мүйізіне келіп қонады да жайынның ішіндегі өгізды боршалай жеі бастайды. Сол кезде өгіздың жауырын сүйегі келіп қойшының көзіне түсіп кетеді. Қойшы орнынан тұрып, қойын айдап үйіне келді де «көзіне бір нәрсенің түсіп кеткенін айтады» бәйбішесі оның көзіндегі жауырынды алып тастайды да, ауылдары қоныстарын ауыстырып көшкенде әлгі жауырын жұртта қалады. Көшкен ауыл айналасы қырық күнде көлдің жағасынна келіп қонады. Бәйбіше қырық күндік көлден аттап өтіп қырық қап тезек тереді. Ескі жұртта қалған әлгі жауырынның үстіне қойшыбайдың ауылы келеді. Бәйбішесі босанып баласы қырқынан шығып, ауыл соны тойлап жатады. қойшыбай өзі тауып алған жарты терімен балаға бөрік істемек болып өлшегенде маңдайына жетіп төбе жағына жетпей қалады. Ақыры жолаушылар өздері алған жарты теріні қойшыға байлайды. түлкінің тұтас терісі балаға бөрік болады.

2-анызға талдау. Үш ұл, бір алып өгіз болуы, үш ұл «үш мерген» не «үш арқар» жұлдызы, ал өгіз араб тілінде үркер мағанасындағы жұлдыз. қыс бола үркер (бұқа) туа «үш арқар», «жеті қарақшы» жұлдызын төңіректен жүретіні шындық.

Анығырақ етіп айтқанда, үркер мен ай қатарласқанда үркердің ай тасасында қалуын «тоғас» есебі ретінде есептеп «қаңтардың» 11-күні тоғас, «кейбіреулер 20-сы дейді) 12-күні ауыл үй қонып, 13-күні қаңтарылады.

Міне, мұндағы «қаңтарылу» үркердің төбеге келіп қаңтарылуы. Сондықтан да «үркерлі айдың бәрі қыс» делінуі аңыздың қысқы мезгілін аңғартады.

«Жайынның» өгізді жұтуы «үркер» (бұқа) жұлдызының «жайын» (от жұлдызы) жұлдыздар тобына деңгейлесуін, яғни солармен тоғысуын меңзейді. «Көк өгіз және оны жұтқан жайынды алып кара құстың әкетуі» осы айларда немесе көкек айында пайда болатын «ғамам» (көгаршін) атты жұлдыз болуы ғажап емес, міне бұл кезде үркер көтеріліп қыс ортасының аяғын меңзеп отыр.

Ал «көк өгіздің жауырын сүйегі қойшының көзіне түсіп кетуі» үркердің әмендеп жамбасқа түсуі. Мұнда үркердің үсті көрінуі жауырынға ұқсатылса, үркер жамбасқа түскен соң жаз шықпай несі қалды. Бұл «ғамам» жұлдызы айына кірсе, көкек айының 5-күні тоғас, 6-күні ауыл үй қонып, 7-күні шығуына жол аша келетін көрінеді.

Ал «қойшының, көк серкенің бауырынан қозғалуы» жаздың қамымен үркерге түсуі «көк серке» аталатын «жади» жұлдызының көтерілуімен жер бетіне жылылық пайда болатынын айтса керек. Өйткені «жади» жұлдызы шыққанда, үркер жұлдызы көрінбей төмендеп кетеді деседі қаряларымыз. Міне бұнысы «үркер жерге түспей жер қызбайды» деп қорытындылауының бебі осыдан.

Аңызда «өгіздің жауырынына қонған қырық жолаушы үркер жерге түскеннен кейінгі қырық күн шілдені меңзейді, шілде бізде «ай», «амал» аттары болып отырғанымен кей қарияларымыз жұлдыз деп таниды екен. Ал ерттеушілеріміз әзір «Парсы тіліндегі қырықты меңзейді» деп жүр, кейбіреулер «шілде – жас, бас» немесе «қырық» дегенді білдіреді дейді. Ал аңыздағы жолаушылар жауырынның үстінен кетуі қырық күн шілденің бітпекталуын немесе шілдедегі қырық күн өтіп «сарша тамыздың» қырық күні өткен күн өтіп қайтадан үркердің көтерілуі. Міне бұл кезде шөптің буыны қысып, мал семіреді. Халық мұны «үркер туды, сорпа ас болады» дейді.

Аңыздағы «түлкі терісінің баланың басына өлшенуі, күздің күнгі түн мен күндіз тенелген таразы аталатын «мизам» жұлдызының туып, ауа райының ауыспалқындауы, өйткені «таразы туса таң суыйды» деп халық бекер айтпаған. Мүмкіндеше осы аңыздың да өн бойындағы атаулар жұлдызбен қатысты болмады дегенге негіз болмады.

3-аңыз. Үркердің қызы Үлпілдекті алып қашуға жеті қарақшы, темір қазықта арқандаулы тұрған ақбозат пен көкбозатты айналсоқтап жүріп, әуелі Үлпілдек қыз ғайып болып, ағарып атқан таңмен жеті қарақшы да кетеді.

3-аңызға талдау. Жоғарыда айтқанымыздай, үркерлі ай қыс және күз мезгілдері. Ал жеті қарақшы «Түркі тілдер диуанындағы» «Жетікен», «Қошты» жұлдыздар болып «Ерандіз» (егіздер) жұлдызымен бірге болуы жоғарыдағыдай «ақбозат пен көкбозат» жұлдызымен бірге болуында, өйткені халқымызда «жеті қарақшыны» бағдар талдауға көп пайдаланғандықтан «жеті қарақшыны танымаған жеті қараңғы түнде адасады» деп бекер айтпаған. Сондықтан да гректердің «уақыт құдайы» деуі де осыдан болса

керек. Себебі біздің халқымызда түндерде Жетіқаракшы жұлдызын оң иыққа алып солтүстік полюсты бір тәуліктің 6 сағатында 60° , 12 сағатында 180° бұрылыс жасауына қарап бағдар, уақыт белгілейді. Ал Темірқазық жұлдызын да халқымыз «мандай алды жұлдыз» деп те атайды. Мұны жұлдыздың аты емес, адасқанда Темірқазықты маңдайға алатындығын меңзейді. Ал жұлдыздардың ішінде үнемі өзгермей жап-жарық болып тұратынына қарағанда арабтардың «мантақа не митика» (жұлдыздардың түйіні) деп аталатын жұлдыз осы «митика» жұлдызы болар деп ойлаймыз.

4-аныз. Түн қараңғысында есектерін жібермей, таң ата отқа қоятын жүргіншілер бір күні таң атып кеткенін көріп, есектерін отқа қойып, қайта ұйықтап қалып оянса және таң атып келе жатқанын байқайды да, есектерін байқаса түгел қасқыр қырып кеткенін көреді. Сөйтсе өздері түнгі жарық жұлдыздың сәулесіне алданып қалғанын ескеріп осы бір күнді есте қалтыру үшін сол жұлдызды «Есекқырған» деп атапты.

4-анызға талдау. Аңызда мезгіл айтылмаған. «Есекқырған» жұлдызы (Юпитер) – Оңтүстіктен түн ортасынан кейін жарқырап шығатын жұлдыз. Ол жыл 12 ай болады. Бірақ күз күндері ерекше нұрланады деушілердің пікірі де дұрыс көрінеді. Себебі есекпен кіре тарту, ұзаққа жол жүру, күз, жаз күндері болмаса қыста жүре алмайды ғой. Ал «есекқырған» жұлдызы суықта (қыста) ашық көрінсе қыс аяғы қысқа, бірақ та қыс қатты болады деушілер бар. Ескере кетер жоғарыдағы төрт аңызда да күні бүгінге дейін халқымыз қыс күйбеңімен ғана есептесетіндігін жаз күндеріндегі амалға диқат етпегендігін аңыздан да көре аламыз.

Жоғардағы космогондық төрт аңыздан халықтың өзінің шаруашылық күйбеңінің қажеті үшін, өздерінің әмәлиятына үйлестіре отырып, аспан жүйелерінің сырын аңғарып, олардан дұрыс пайдалана білгенін аңғарамыз.

Біз пікірімізді жүйелендіру үшін төменде он екі ай, амал, жыл қайыру, бұларды халқымыз қалай пайдалана білгеніне тоқталып көрейік.

Он екі ай және ай аты. Халқымыз бір жылдың 360 күннен құралатындығын, бұл жер өз серігі айды ілестіре күнді $4/1$ 365 тәулікте бір айналып отыруы арқылы 12 жұлдыздан 12 ай құрам табатындығын айқындайды. Ал осы 12 айды дәлелдеітін 12 жұлдызға қарап халқымыз өз алдына үштің айы (қаңтар), бірдің айы (ақпан), көкек (наурыз), мамыр (көкек), маусым (мамыр), шілде (маусым), тамыз (шілде), мизам (тамыз), қазан (қыркүйек), қараша (қазан), желді (қараша), қаңтар (желтоқсан) деп атауын зерттеушілер айтқандай, халқымыздың өзінің шаруашылық жайына қарап, табиғаттың құбылыстағы тіршілік күйбеңіне жеткізер залалы мен қолайлылығын ескере қалыптастырғандығы шындық. Әйтсе де осы он екі айға, он екі мүшел жылға жұлдыздарды тәуелдеуіне талай кешулерді бастан өткізіп бүгінгі ұрпақтарымызға жетіп отыруы түрік мәдениетінің жауһары «Құтадғу білікте» он екі жұлдызға былайша айқын жауап берген екен.

«(1) қозы жазғы жұлдыз. Одан кейін (3-, 4-ай), (2) от кірер, (3) ерендіз, (4) қошықпенен жақын жүрер (5-, 6-ай) көріңіз, (5) арсыланмен көрші, (6) бидай басы сонан соң (9-, 1-ай), (7) үлгі, (8) шаян, (9) жақ оның есі және келемейі, (10) лак, (11) күнек һәм, (12) балық (10-, 11-, 12-ай) бұлар туса болды көкте жарық» [13] деп әзіргі аталып жүрген жұлдыздар ретін анықтайды.

Ендеше жоғарыдағы зодиак есебіндегі жұлдыз реттері мына жұлдыздардың кейбірінің аты тіпті айларға тураланы реті ұқсамайды. (кестеге қараңыз).

Ай аты реті	Зодиак бірінші нұсқа	Зодиак екінші нұсқа	Құтадқу білік	Қазақстан ғалымдары	Арабшадан қазақшалау	Арабша аталуы
1	Токты	Ылақ	Көнек	Балықтар	Ғұт	Жамал
2	Торпак	Ақпан	Балық	Токты	Жамал	Ғұт
3	Егіздер	Азыйра	Қозы	Торпак	Сәуір	Тауама
4	Шаян	Сәуір	Ұт	Егіздер	Зәузә	Зәуза
5	Арыстан	Зауза	Ерендіз	Шаян	Саратан	Ғамал
6	Бйкеш	Саратан	Қошық	Арыстан	Әсат	Мизам
7	Мйзам	Әсет	Арыстан	Бйкеш	Сүмбілә	Әсат
8	Саратан	Қамал	Бидайбас	Мизам	Мизам	Сүмбілә
9	Мерген	Дәлу	Ұткі	Шаян	Ақырап	Саратан
10	Ешкі мүйіз	Мизам	Шаян	Мерген	Қауыс	Ғағрап
11	Шөміш	Қауыс	Жак	Ешкімүйіз	Жади	Дәлу
12	Балық	Өміт	Ылақ	Шо койшы	Дәуу	Жәди


Бұдан бір-бірін қайталап жатқан атаулар екенін, өйткені әрбір дәуірде халқымызға ықпал еткен араб, парсы, түрік мәдениетімен оларды аударып қолдану барысында ауысулар болғанын байқаймыз. Себебі кестеде араб тіліндегі «ғамал» бізше (торпак), жади (лак), қақырап (шаян), әсат (арыстан), ғамам (көгаршын), мизам (таразы), ғұт (балық), тауаман (егіздер), сүмбыла (масақ), зауза (шекілдеуік), сәуір өгіз), азиза (әз) т. б. анықтасақ «шомыш басы», «су құюшы», «қауыс» деген атаулар үшеуі де жеті қарақшыны меңзеп тұрса, «мерген», «жарық», «далулер» бір мағына жұлдыздар, т.б. Міне, осыларды түгел анықтасақ ғана жұлдыздары ретімен тәртіпке тұрғызуға әбден болатындығы, тіпті әр маусымдағы, айлардағы амалдармен айларды да тәртіпке салуға болады.

Мұндай десе «он екі ай жөнінде қазақтың өзінің жұлдызсыз – ақ аты бар емес пе» деушілер де шығады. Рас халқымыздың асыл қазынасы «Шипагерлік баянда» он екі айды «ергу», «көктеу», «мезгу», «гүзгу», «шілдеу», «тамызық», «дәнду», «соқту», «күйек», «ықтырғы», «ығыс», «қаңтар» деп байырғы тілімізбен дәлелдеген екен. Осы ай аттарын қарап отырсаңыз бүгінгі қазақша ай аттарының баламасы тәртізді бәрі де

шаруашылықты кәсіп еткен халқымыздың нағыз еңбек амалынан туғандығы белгілі. Ендеше ай аттары көп айтыла беретін Әміртемір ұрпағының астрономия атауларының орнын шаруашылық ғылымы немесе халықтың өзінің еңбек амалынан қорытындылаған нағыз еңбек жемістерінің нәтижесі басып түскені ғажап емес. Сондықтан да «ұлыстың ұлы күні» деп «наурыз» айында күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы ерігенін дәлелдейді.

Әйтсе де және бір ескерер осы қазақи атау деп жүрген «тамыз», «мизам», «шілде» деген ай аттары мен амалдар аталатын «зауза», «үт», «норыз», «саратан», «үркер», «қауыс», «сүмбіле», «қақырап» аттары да түгел жұлдыз аттары. Жоғарыда айтқанымыздай, араб, парсы, түрік тілдерінің ықпалымен тілімізге келіп сіңіп бұлардың қазақша аударма аттары бір-біріне шатасып, бір мағыналы атауды екі ай не екі амалға қолданып жүргенімізді байқаймыз. Мысалы: «саратан» (алабел өгіз), «зауза» (шекілдеуік) мағынасында, әр екеуі жұлдыз аты болып екі амал болып екі амал емес бір амал болуы тиіс. Өйткені аңызда саратан бөлек зауза бөлек өлмеді ғой. «Мизам» (жұлдыз) осы айда және «таразы» амалы бар деп есептейді. Нәтижеде мизам, таразы деген мағынаны білдіреді. Ал «масак», «сүмбіле» деген екі амал кезіктіреміз. Нәтижеде сүмбіле, масак мағынасындағы аударма тілі, осындай шатастырылулардан ай, амалдар қайталану немесе орын ауысу жағдайы болып отыр. Осылардың толық мағынасын ұғып ретке тұрғызсақ қана ай, амал аттарын дұрыс алып шыға аламыз.

Алайық, бүгінгі көрсетіліп жүрген амалдар – ақпан, үт, өз, наурыз, отамалы, сәуір, саратан, зауза, қыркүйек, «мырза, бас шілде, сарша», үркер, сартамыз, масак, таразы, қаражел, бұғының мүйізі қатты, қауыс, бұрқырау, ақырап, сірне, қыркаяк, тоқырау деген жиырма төрт амал аталынады. Нәтижеде осындай мазмұн қайталау бәрін байқасақ амалдар бұған жетпеуі де, бұдан көп болуы да мүмкін. Сондықтан пікірімізге бұдан да күшті ғылыми дәлел алып шығу үшін (1-суретке қараңыз) жер орбитасын айналып өтетін жиырма жұлдыздың атаулары – араб, парсы, түрік, орыс тілдерімен шатасуы болмаса айналым жүйесіндегі бір жылдағы амалдар екенін әйгілейді.



1-сурет. Жер орбитасын айналып өтетін жиырма жұлдыз [5]

Міне осы бір жер орбитасын айналған аспан әлеміндегі жұлдыз тізбе реті бір жыл ішінде әр маусымға бөлініп сап түзейтін амалдардың негізі болмақ.

Пікірімізді тіпті де анықтау үшін он екі ай атауына кестемен тоқталайық (төмендегі кестеге қараңыз).

Моғолша	Дыбаша	Арабша	Құлпытаста	Диуани лұғат-ит түрkte	Шипагерлік баянда	Қазақша
Ғұлғұны	Көскә	Ібәрә	Күску	Сыпқан	Сумақы	Тышқан
Үкір	Інек	Бахар	Үр	Үр	Манғаз	Сиыр
Пар	Пар	Әсат	Барыс	Барыс	Айбар	Барыс
Тола	Толай	Арнап	Табшқан	Тошқан	Секем	Қоян
Моға	Жылан	Хаят	Илан	Илан	Суман	Жылан
Морын	Жылқы	Хайыл	Нәк	Нәк	Тұлпар	Жылқы
Улу	Улы	Ғұт	Юд	Юд	Иіртеқ	Ұлыу
Ғоиең	Ғой	Кәнам	Құт	Қой	Шопан	Қой
Мешін	Мшым	Маймы	Бчын	Бчын	Мешін	Мешін
Ноқа	Ыт	Кәліп	Іт	Іт	Айтак	Ит
Тақа	Даға	Дәжажа	Такку	Тақағу	Шакырауық	Тауық
Қақай	Ғағай	Қыбрер	Лағызн	Доңыз	Қорыскы	Доңыз


Осы кестеге қарасаңыз-ақ бұрыннан қазірге дейінгі тіл өзгерісі және аралас жүрген ұлттар аралығындағы тілдердің алмасуынан жұлдыздар мен амалдардың да бір-бірімен шатасуы барлығын аңғарамыз. Бұған бірнеше мысал: Түрік тілінде және құлпытаста сиырды «үд» десе мұндағы «үд», «үт» (балық) атты жұлдызда болған. Жұлдыз бойынша «үд» болады да, «үт» балыққа, ұлуға, жыланға тәуелдесек жөн сияқты. Ал «сиыр», «нәк» тілімен алыну тура келеді. Мұндай болғанда орын ауысып кетті ме деп те ойлаймыз. Ал парсыша «әсат» деген жұлдыз аты болса жылдағы «барыс» (арыстан) осы емес пе, ұлуды түрікше «юд», құлпытаста «юнд», арабша «ғұт» десе «ғұт» жұлдыз аты болып (балық) деген мағынада т. б. ендеше мұндай ауыспалықты, ұқсастықты жоғарыдағы кесте арқылы дұрыстап алуымызға әбден болады. Қорыта келгенде, он екі ай әзіргі ғылым мойындаған күннен кейінгі ірі мүше «юпитер» атты алып планета қою атмосферамен қоршалып тұрғандықтан өз төңірегіндегі он екі серігі (жұлдыз) жай көзге көрінбегендіктен бақылау арқылы анықтайтын он екі жұлдыздың он екі ай, жылға қатысты болғанын, он екі санды цифрмен құралған ай, күн, жұлдыздың атымен қатысты екенін осы аспан жүйелері ықпал жасап он екі ай, жылдарды тудырып отырғандықтан халық бұларға құдайша сыйынып, табынып, бойсұнып отырған.

Аспан денелерінің наным-сенімге айналуы

Анықтап айтқанда, біздің жыл санауымыздан ілгері I–II ғасырда, жыл санауымыздан I–VI ғасырларда ислам дінінен бұрын мүшірік, шаман дініне сенген халқымыздың (әзірде халқымыздың тұрмысында ішінара қолданып

отырғандай) бейіттердің үстіне ай, күн формасында тас қалап тізу, сызуды жалпыластырған. Бұрынғы сақ тайпаларының солтүстік тобы дүнгендер (теле тайпалары) бабаларының басына аспан денелерінің үлгісін орнатып қалмастан ай, күн, жұлдыздарға сыйынып отырған. Бұдан бергі түркештер дәуірінде де мүсіндердің бетін шыққан күнге қаратып қойған. Қамырларды (мықтың үйлерін) күн формалы немесе аспандағы жұлдыздар бейнелес етіп келгендігін бүгінгі археологиялық қалдықтардан көріп, біліп отырмыз.

Біз сөз етіп отырған осы күн, ай, жұлдыздарға өз кезінде ежелгі Гректердің күдай ретінде қарап «март» (марс күдайы), «апрель» (күн күдайы аполла), «июль» (стерардің құрметі), «юпитер» (бас күдай), «марс» (соғыс күдайы), «венера» (ғашықтық күдайы) деп сеніп келгендей, біздің халқымызда күн, ай, жұлдыздардан тілек тілеп, сыйынып, жалбарынып отырған. Мұнда аспан жүйелерін өз шаруашылығына үйлесімді етіп пайдалану үшін өздеріне қанық болған, күнделікті шаруашылық әрекетте болған төрт түлік мал жайында, аң, құстар жайында аңызға (жоғарыдағыдай) айналдырып, барлық жақсылық пен жамандықты осылардан күткен. Мысалы: ертеде Орюн деген мерген болыпты. Оны бұқа сүзбек болғанда батыр оны шоқпармен жасқап тұрса «үлкен арлан» (сиыртус) оған айбат шегіп батырға ұмтылса, Орюн батыр «қоян» (жұлдыз) табанына басып тұрып, басқаларды жасқап бой бермей тұрғанда «сыңар мүйіз» оның арқасына келіп сүзбек болады, «кіші арлан» енді бір жағынан арпалысып келеді, ақыры Орюн батыр бұлардың бәрінен жеңілмей жайпап салып тұрғанда «саршаян» келіп шағып өлтіреді екен. Міне осы оқиғаны сурет арқылы былай бейнелеген (2-сызбаға қараңыз).



(Қасен Әбіш. «Халық астрономиясы» кітабынан)

2-сызба. Жұлдыздар жайындағы аңыздық сызба [5].















1-сызба. Көтеріліп келе жатқан күн көзіне талпынған хайуандар мен адамдар (Көктөғай ауданы бұраты жыраты жартас суреті).



2-сызба. Таңбалыдағы жұлдыздарға сыйынып тотем беріп, биге басқан адамдар (Көктөғай ауданы Таңбалы ұйғыр сызбасы).

Міне, жоғарыдағы аңызда бейнелеген сызбалардан және 3-4-сызбадан да жартас бетіндегі суреттерден де аспан денелеріндегі күн, ай, жұлдыздарға адамзат пен хайуандардың талпынуын, оларды өз тірліктерінде тотемге айналдырғанын көреміз. Қорытып айтқанда, аспан әлеміндегі наным-сенімдердің тотемдер арқылы халықтың рухани сана-сезімімен және барлық қол өнерінен орын алғаннан сырт халық тұрмысындағы жол-жосын, әдет-ғұрыптық категорияға көтерілгенін аңғарамыз.

Ал халқымыздың жалпы этнографиясы мен жалпы қолөнерінің кіндігі болған, үріккен жылқыдай топтанған жұлдызды «үркер», «жетіқарақшының» тұрған бейнесіне қарап «шөміш бас», «үш арқар», «үлпілдек» деп ат қойып ұқсатқаны сияқты әрбір жұлдыздың орналасуы формасы, орнына қарай ұқсату белгісінде қойып отырған, қараныз: «ешкі мүйіз» (3), «иін ағаш»


() «балықтар» () «күн» () «жеті қарақшы» () «ілік» () «қос жұлдыз» () (бұны іздер деп те атайды) т.б. түрлі формалармен бейнелеп, осы бейнелеулер зорвоттық фиора үлгісінде халықтық өнер үлгілерін тудырған. Мысалы: () кошқар мүйіз, () табак үлгі, күн деп те аталады, () жұлдыз, () ай үлгі, () көз үлгісі, () сыңар мүйіз үлгісі т.б өрнектер туындап, бұлар бірінен-бірі дамып, бірін-бірі толықтап, барлық қолөнерімізге келіп сіңіп, ерен сенім, нанымдық хикаялармен атадан балаға, дос-жаранға, сүйген жарлар арасында арман-тілекке, идеялық сенімге айналды.

Бұған мысал: ай өрнектерін «айың оңынан тусын», күн бейнелерін «күнің шағылмасын, маңдайың жарқырап, аспаның ашық болсын», жұлдыз үлгілерін «жұлдызың биіктесін, сөнбесін, маңдайың жарық болсын» деумен, бұған «аспан», «жер», «түрлі өсімдіктер», «төрт түлік мал» үлгілері қосылумен бірге, мүйіз өрнегі «қорасы қойға толып, бай, бақытты болу тілектерін сіңіру арқылы кейінгі ұрпаққа қалдырып отырғанын көреміз. сондықтан да халқымыз аспан жүйелеріне айрықша сыйынумен «көкте тәңір, жерде әулие бар» деу арқылы аспанға аяқ көтермеу, көкке қарап түкірмеу, налымау, шыққан күнге қарап сыйынып, тілек тілеп бас ию, батқан күнге сыйыну, кеш батқанда бір күннің өтіп кеткеніне опық жеп жылау, туған айға қарап алақан жайып «ай көрдім, аман көрдім, бақытты байлық заман көрдім, амандықпен осынша жасқа келдім, ескі ай есіркеп, жаңа ай жарылқай көр» деп беттерін сипайды.

Сонау неше мың жылдың алдындағы қазақ ұлтының тегін құрайтын тайпалардың бірі «Ғұндар шежіресінде» Тәңірқұт таңертең шабуылға аттанғанда күнге табынып барып шеру тартса, ай, жұлдыздардың нышанына қарап, ай толғанда шабуылға өтеді, ай туғанда қолын шегереді, ақбозат сойып күніге тасаттық береді [14].

Осылайша халқымыз «әр айдың өзінің несібесі, сілесі болады» дей келіп, бұл пікірін мына аңызбен дәлелдейді. «Ертеде бір жетім қыз бен жігіт бір-біріне ғашық болып, басқалар жағынан қақпай-кемсіту көріп, зар болып жүргенде олардың көз жасын көрген құдайдың мейірі түсіп, екеуін сарала қазға айналдырып жіберіп, еркін дүниеде еркін тірлік етуіне жол қояды. Әйтсе де бұл екеуіне қызғаныш еткен адамдар сонда да қақпайлай берген соң құдай оларды айға шығарып жібереді» [15] дей келіп, әзіргі ай бетіндегі көленкені сол екі жетім деп түсініп, сарала қаздың етін, жұмыртқасын жеуге жол қоймайды.


Халқымыз жоғарыдағы аңызға негізделіп, әр дөңгелек айдың жанасында бір сары жұлдыздың маңдайға келіп тұратынын, егер сол жұлдызға қарсы жүрген адам сол айдың сілесіне қалып, қатерге тап болады дей келіп былайша бағдар белгілейді.



(6-сызба) [23].

Көрсетілген әр айда осы бағдарда жол жүруді шектейді. 11-ай (аспан мен жерде бағдар жоқ) деп еркін жүруге жол қойса, 21-айды сапар айы деп бұл айда бүтіндей сапарға шығу, той жасауға жол қоймайды.

Халқымыз жоғарыда айтқан «он екі айдың он бір айында он бір сары жұлдыз болады. (Аттары белгісіз) «мешін», «тауық», «жылқы» жылдары сары жұлдыз жалпағынан көрінсе мал мен жанға қатер, бір қырынан көрінсе ештеңе етпейді» дей келіп, тарихта мешін жылдың бәрінде соғыс, жұт болып тұрғанын «мешін жыл, есіңнен кетпес есіл жыл» деп еске алады. Міне бұл пікірімізге ғылыми дәлел алып шығу үшін материалдық горизонт бойынша дәлелдесек, «дөңгелек шеңбер аспан сферасы десек, тік сызықтың



7-сурет

"2", "2" әріптері ортадағы «0» нүктесі арқылы жүрген жазықтықтағы тік сызық бөлгіш болып, «шығыс», «батысты» анықтаса "P" , "P" ды бойлап тұрған сызық «оң», «сол» түстік "N", "S" нүкте аралығындағы сызық «солтүстік» сызық болса, "Q", "Q" екі нүктені тұтастырған сызық «қиыр, оң, солтүстік» жарты шар болып, міне бұлар меридиан жазықтығы мен аспан экватор арқылы айналып тұрған қозғалыс жүйелерін байқаймыз да, аспан, жер, жұлдыз, күн, айлардың бір-бірімен тартылыс күші сынды құдіреттің физикалық тылсымдыққа ие екенін аңғарып, жоғарыдағы «әр айдың бағдары болады» деумен көшіп-қонуда, сапарға шығарда – жұлдыз туып келе жатқанда, жұлдызға қарсы жүрмеу, егер біле тұрып жүрсе «білмегенге білдіремін, біле тұра білмегендей болып көшсе бүлдіремін» деп «жұлдыз айтқан екен» деген халықтық шектемелер арқылы халқымыз жер шары айналым жүйесін өз өмірлеріне ерен пайдалануда. Ендеше әзірге дейін тұрмыста «қаракүт» жұлдызымен ауру емдеу, қолға шыққан сүйелді айға қаратып «ай-ау, ай-ау сүйелінді ал да, қолымды бер» деп жалбарыну, жаңбыр алғаш жауғанда «дерт-дербезден басымды аман сақтай көр» деп басын жаңбырға төсеу, күн алғаш күркірегенде «ұлудың сайтанды ұрған шыбыртқысының дауысы» деу, күн күркіреуін Ислам дінінде «Рахат деген көктегі періштенің үні, Аллаһтың жаудырған нұры» десе, найзағайды «Аллаһтың жаудырған жаңбырын жерге түсірмеуге қарсыласып, қанатымен тосқан шайтандарды, Аллаһ тағала шыбыртқымен ұрған дауысы» деу, күн алғаш күркірегенде «Алла ырыздығыңды молынан бер, малымыздың желінін сау, сүтін мол ет» деп шөмішке айран құйып үйдің жабығына, босағаға айналдыра жағуы, күн мен айдың шығып-батуына қарап заман, ауа-райы, адамдардың тағдырын мөлшерлеу, мысалы: «күн арты қызарып батса, ел басшыларына қатер» деу, «наурыздың» алғашқы күні шыққан күнді бақылап, қызарып шыкса жақсылыққа, шаңыттанып көтерілсе қуаңшылыққа, көгілдірленіп көтерілсе жаңбырлы болады, деп алдағы бір жылдық табиғатты межелеген. Әуелі халқымыз дүниедегі барлық нәрсе егіз болатындай аспандағы жұлдыз да егіз, жұлдыз «адамдардың бағы мен сорын, өлімі мен өмірін меңгеріп отырады» дейді (Халық анызы).

Ендеше жоғарыдағы аспан әлемі және мифтер мен халқымыз санасындағы байланыстардың бұрыннан әзірге дейін жалпы өмір тіршілігіне біте қайнасып, қол өнерлеріне дейін сіңісуі тылсымдықта, ұлылықта жатқанын байқау қиын еместей.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мұра» журналы, № 3, 1988, 49-б.
2. Оғыз нама. Орталық ұлттар баспасы, 1982.
3. Асқарұлы К. Абақ керей төресі және Әлен уаң ордасы// Алтай аймақтар тарихи материалдар кітабы. 2006.
4. Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері. 1993.
5. Астрономия., Алматы: Қазақстан мемлекеттік оқу-ағарту баспасы, 1955.

6. Тілеукабылұлы Ө. Шипагерлік баян. Шинжаң ғылым-техника баспасы, 1994.
7. Қйсса сьлэмйә. Қашқар баспасы, 1988, 34-б.
8. Күлтегін ескерткіші жазбасы.
9. Қорқыт ата кітабы (Шинжаң жастар-өрендер баспасы 1988) және «Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері» 1993.
10. Халық аңызы (Көктоғай ауданынында 1991 жылы 63 жастағы Қауан Орынбасар ұлының айтуында).
11. Халық аңызы (Көктоғай ауданынында 2001 жылы 81 жастағы халық емшісі Мөлгәждардын айтуында).
12. Махмұт Қашқари. Түрік тілі сөздігі. 2001.
13. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Орталық Ұлттар баспасы, 1989.
14. «Мұра» журналы, № 4, 1991, 39-б.
15. Халық аңызы. Жеменей ауданында 1972 жылы 73 жастағы Тотыкүс Самалбай кызының айтуымен жазып алынған.
16. «Астрономия» және Көктоғай, Алтай өніріндегі жартаc суреттерінен.

REZUME

B. ZHUMABAIYLY (Urimzhi) ABOUT THE WORLD OF HEAVEN

The article deals with holy numbers in Kazakh life which have a special meaning up to now, such as 'seven', 'forty', and 'twelve months' and etc. The author gives examples showing the connection of heaven with the subconscious of our people through different legends and stories.

Ясиын ҚҰМАРҰЛЫ

БАЙЫРҒЫ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ
ӘСКЕРИ МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ

В статье анализируется и доказывается влияние военной культуры кочевников на центральную равнинную военную культуру Китая с помощью исторических рукописей, археологических раскопок, также с помощью обычаев и традиций, языкового и иероглифных данных.

Yazar göçmenlerin Çin'in orta düz askeri kültürüne olan etkisini tarihi yazılar, arkeolojik kazıntılar, örf-adet ve dil kaynakların karşılaştırarak anlatmaya çalışır.

Соғыс әлмисактан бері адамзат үшін қанды қырғындар мен алапат апаттарды, ауғын-сүргіндерді әкеліп отырғандығы баршаға аян. Адамзат традегияларының мүлде көпшілігі соғыспен байланысты болды. Сонымен бірге соғыс адамзатқа қыруар олжаларды да сыйлады. Ол адамзатқа қанды қырғын, алапат апат әкеліп қана қойғаны жоқ, сонымен бірге, адамзат қоғамын дамытты, адамзат мәдениетін алға бастырды, ғылым мен техниканы ілгерлетті, мәдениетін таралуын, тоғысуын, адамзаттың этникалық араласуын жүзеге асырды. Ұлттардың, мемлекеттердің қалыптасуын жеделдетті. Адамзаттың ақыл-парасатын ұштады, рухын шыңдады, ахлақ-моралін жетілдірді. Көптеген ғалымдар соғысты маңызды мәдениет формаларының біріне жатқызады. Америкалық антрополог С.Уеслер соғысты тіл, заттық сапа, көркемөнер, миф және ғылыми білім, діни дағды, отбасы және қоғамдық түзім, мал-мүлік, үкімет сияқтылармен тең тоғыз мәдениет формасының біріне жатқызады.

Евразия көшпенділері адамзат арпалысының қайнаған ортасында болды. Тұтас адамзат тарихы сияқты евразия халықтары да тарихын арғы аңыз-ертегілерден тартып, ең алғашқы тарихи жазбаларға дейін тұтастай соғыс тарихы деп айтуға болады. Олар да арғы замандардан соғыспен есейіп-ержеткен, шыңдалған. Соғыспен ұлт болып ұйысып, соғыспен елдік сақтаған. Соғыспен мәдениет қабылдап, соғыспен мәдениет таратқан.

Қиыр шығыстағы Қытай елі – дүниедегі ең көне мәдениет орталығының, ең көне жазба дерек сақталған санаулы елдердің бірі. Қытайдың осы ең байырғы мол тарихи жазба ескерткіштерінің аңыз-ертегілерге ұласатын ең алғашқы беттерінің өзі Қытай мен терістік көшпенділерінің ара қатынасын баяндаудан басталады десек артық айтқан болмаймыз. Қытай мәдениеті мен қытай тарихының алғашқы бетін ашқан, қытай ата-бабаларының бірі саналатын тарихи аңыздық образ Хуандидың (Бес бабалық дәуіріндегі бес бабалықтың біріншісі. бес бабалық дәуірі: б.з.б.26ғ - б.з.б.22ғ) қытай аңыздары мен тарихтарындағы сипаты терістік көшпенділеріне бейім екендігі мәдениет тарихын зерттеуші мамандардың көбіне аян. Оны көптеген

оқымыстылар терістік көшпенділерімен төркіндестіреді. Аңыздық деректерде баяндалуынша, дәл осы Хуанди қытай тарихын соғыспен ашады. Орта жазық жеріне мәдениеттің алауын жағады. Ат, арба, кола, жазу, тағы басқаларды әкеледі. Бұл белгілі мағынадан алғанда қытай тарихы мен қытай мәдениет тарихының алғашқы беттері терістік көшпенділерімен соғысу, тоғысу барысында ашылғандығынан дерек береді.

Қытайдың батыс терістігінде көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған Хуанди тайпасы алғашында Шуанюан (轩辕) деп те аталған. «Тау-теңіз шежіресі – ішкі құрылық батыс баянында» (山海经·海内西经): «Шуанюан елі, ... Адам басты, жылан денелі» деп жазылады. Хуандиды білдіретін Шуанюанның қытайша жазылуы 轩辕 болып, оның екі әрпі де арбаны білдіретін 车 қосымшасымен қосылып жасалған. Бұның алдыңғысы: 轩 – биік, соңғысы: 辕 – арба дәртесі деген мағынаны білдіреді. Демек бұдан жеке-жеке мағыналағанда биік арба дәртесі деген мағына шығады. Бұл бір жағынан биік арба дегенді білдіреді. Сақтар – арбамен көшіп жүретін халық. Тарихи аңыздарда баяндалуынша, Хуанди да Құрұм (күнлүн) тауынан Қытайдың орта жазығына айдаһар жегілген арбаға отырып, алдынан бөрі жол бастап, артынан аруақ қолдап, қорғап келеді. Бұл Хуанди тайпасы Қытайдың орта жазығына батыс терістіктен келген сақтар дегенді тіпті де растай түседі. Алғашқы арба жасағандар, жылқыны қолға үйретіп, арбаға жеккендер (қытайтанушы ғалымдарда ұлуды жылқымен байланыстырушылар да көп), бөрі иесі қолдап, қорғайды, аруақ қолдап, қорғайды деп сенгендер де терістік көшпенділері екендігі тарихтан азын-аулақ хабары бар адамдардың барлығына белгілі.

Қытай тарихында Хуанди мен Яндиден (Янди – Хуандиден бұрынғы орта жазықта егін шаруашылығымен айналысқан тайпа көсемі) қалса, басты орында тұратын тағы бір маңызды кейіпкер – Чы-ю (蚩龙). Чы-ю аңыздарда көбінде кейінгі тарихтарда суреттелген терістік көшпенділері ғұндар сияқты «жауыз» түрінде жолығады. «Заман әділетінде» (世纪正义) «Айдаһар балықты өзен сызбасынан» (龙鱼河图) нақыл алып: «Чы-ю ағайынды сексен бір, олар хайуан денелі, адам сөзді, кола бас, темір иық болыпты, құм жейді екен, әскери қару-жарақ жасап, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды». Батыс Азиядан терістік Африкаға дейінгі өңірлерде де ерте заман адамдары адам басты жануар денелі адамдар туралы аңыздар таратады, сурет салып, мүсіндер ояды. Ғалымдар бұларды осы өңірдің адамдары жылқы мінген терістік көшпенділерін алғаш көргенде шығарған қиял-ғажайып деп

тұжырымдайды. Ендеше, жоғарыдағы Чы-ю (蚩龙) туралы аңыз да осыған үксайды. «Хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір нық» – астына жылқы мінген, басына дулыға, үстіне сауыт киген байырғы сақтардың жауынгері. Олардың «күм жеуі» – терістікте, күмды далада жасайтындығы. «Әскери қару-жарак жасап, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды» делінуі де атам заманнан терістік көшпенділеріне телініп келе жатқан ерекшелік екендігі белгілі.

«史记·封禅书» баяндауынша, Хуанди қазан құюды игергеннен кейін Жиушанға (就仙) барады. Бұдан бұл Хуандидің соңғы дәуірі екендігін білеміз. Ал, «Гуанзы» (管子) сияқты кітаптарда жазылуынша, Хуанди қазан құюдан бұрын Чы-ю (蚩龙) қоладан әскери қару жасауды білген. «太平御览» 72-орамында «世本»-нан нақыл келтіріп, Чы-юның әскери жасақтағандығы, «山海经·大荒北经»-да Чы-юның әскер жасақтап, Хуандиге жорық жасағандығы баяндалады. «吕氏春秋·荡兵»-да бұл туралы: «Ел аузындағы Чы-юның әскер жасақтауы – әскер жасақтау емес, қару-жарак жасау, Чы-юнан бұрын адамдар ағаштан жасалған соғыс құралдарын пайдаланатын» деп түсінік беріледі. Демек бұлар Чы-юның қола қаруларды жасап, ағаш, тас қарулардың орнын бастырғандығын ұғындырады. Чы-ю – қытай тарихи аңыздарындағы ең әйгілі соғыс кейіпкері. Аңыздарда ол өлгеннен кейін де аруағы өлмеген. «Айдаһар балықты өзен сызбасында» (龙鱼河图) айтылуынша: «Чы-ю өлгеннен кейін аспан асты миша былыққан, Хуанди Чы-юның образын сызып алып жер жүзіне айбар көрсеткен. Чы-ю өлмеген екен деп білген, шар тараптағы қалың топ дізе бүгіп, бас иеді». Кейінгілер Чы-юды әскер иесі, соғыс әулиесі деп табынады. 国古代青铜文化16-17.

Ал, кейінгі Шнялардан (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.) өтіп, Шаң дәуіріне (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.) ұласқанда, Қытайдың орта жазығында сүйек-сауыт жазуы пайда болды (б.з.б.14ғ. - б.з.б.11ғ.). Сүйек-сауыт жазуында орта жазық әулеттері мен терістік көшпенділерінің ара қатынасы көп сөз болады. Шаң дәуірінің сүйек жазуы арнаулы жазылған тарих емес. Алайда, ол кейінгі патшалықтардың арнаулы жазылған тарихынан да сенімді еді. Өйткені онда нағыз оқиғалар, өз кезінде, өз жерінде балдык жауырын немесе сауыт сүйектерге ойылып жазылып отырған.

Сүйек жазуында жазылуынша, Шаң заманында (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.) Қытайдың орта жазығы мен оның төңірегіндегі аймақтарда бірі-бірінен дербес көптеген елдер мен ұлыстар өмір сүрген. Сол қатардағы Кон (kong方), Гүр (鬼方) тағы сол сияқты ұлыстарды қытайтанушы ғалымдар ғұндардың

арғы аталары, ал Рүн (允) сияқты ұлыстарды үйсіндердің арғы аталары деп дәлелдейді (бұл туралы қытай мамандарының еңбектері жеткілікті) [1].

Жауырын жазуларында осылардың ішіндегі Ғұндардың арғы атасымен төркіндестірілген ұлыстардың бірі – тек Коң елі (kong 方) туралы мазмұндар қамтылған балдық сүйектердің саны 500-ден асады. Бұлар негізінен Шаң патшалығының соңғы дәуіріне тура келетін 22-әулет патша Удин патша заманына шоғырланған [1]. Осы Коң еліне қатысты сүйекке жазылған мәтіндерден Коңфан елінің Шаңдармен байланысын жүйелі түрде аңғаруға болады. Мысалы, «合集 (жауырын жазуының жинағы)» (ендігі жерде “жинақ” деп алынады). 6069-жауырынның оң бетінде, 6087-жауырынның оң бетінде Коң елінің Шаңдарға шабуыл жасау қаупі болжанады; жинақтағы 137-жауырынның теріс бетінде, 584-сауыттың, 6068-жауырынның оң бетінде Коң елінің Шаңдарға шабуыл жасағаны баяндалады; жинақтың 6344-, 6345-, 6347-, 6349-сүйектерінде Шаңдардың Коң еліне жаза жорығын жасағандығы баяндалады; «Англияда сақталған» 559-сүйекте, жинақтағы 6171-, 6169-, 6172-, 6173-, 6174-сүйектерде Шаңдардың Коң еліне жаза жорығын жасағандағы жорық көлемі баяндалады. Дәл осы тәрізді Коң елімен бір, ғұндардың арғы атасы деп дәлелденген Гүр елі (鬼方) туралы жинақтың 8591-, 8592-, 8593-сүйектерінде Гүр елі мен Шаңдардың жауластығы жазылса, 137-сүйектің, 203-сүйектің, 1114-сүйектің оң беттеріне, 1114-сүйектің теріс бетіне Гүр елінің Шаңдарға тәуелді болып, патшалықтың жұмысына араласқандығы, 5577-сүйектің бетіне Гүр елі адамының мансап аты, тағы басқа сүйектерде Шаң патшасының Гүрлерге жарлық түсіргендігі жайында, 20757-сүйекке Шаң патшасының Гүр еліне барғандығы туралы деректер жазылған [2].

Міне осылардың өзінен-ақ қытай тарихының беташары Қытайдың орта жазығы мен терістік көшпенділерінің әскери мәдениет алмасу тарихымен басталатындығын байқауға болады. Сүйек және қола жазуларынан орта жазықтағы Шаң елі мен терістіктегі көшпенділердің арасындағы соғыс жағдайы ғана емес, қару-жарақ туралы да қыруар жіп ұштарын байқауға болады. Онда орта жазықтың терістік көшпенділерінен жылқы алып келгендігі, арба олжалағандығы т.б. деректер кездеседі. Ал, сүйек жазуының өзінен де көшпенділерге тән қару-жарақтардың бейнесі жолығып отырады.

Сүйек-сауыт жазуында жалпы алғанда, шапқыншылықты білдіретін, олжаны білдіретін иероглифтер сүйек жазуында малға қатысты таңбалар арқылы жасалған. Мысалы, шапқыншылық, сұғанақтық дегенді білдіретін 侵 (qin) иероглифінің сүйек жазуындағы көрінісі 𠄎. Бұл бір қолдың құрал ұстап, сиыр қуған бейнесі. Міне бұлардың барлығы шабуылдың басты мақсатының отырықты егінші елді емес, қайта мал бағатын елдің малын шабу екендігін білдіреді. Бұл сол дәуірде ең басты шапқыншылық

нысанасының да, ең негізгі олжаның да мал түлігі болғандығын ұғындырады. Бәлкім сол заманда мал ең басты байлық болса керек. Ендеше бұл соғыстардың мал шаруашылығын негізгі кәсіп еткен терістік көшпенділерімен тығыз байланысты екендігінен дерек береді.

Қытай тарихында терістіктегі көшпенділер «садақ асынғандар», орта жазықтықтар «басында тәжі, белінде белбеуі барлар» делінеді [3]. «Тарихи жазбаларда» ғұндар туралы: «Жас өспірімдері қойға мініп құс, тышқан дәлдеп садақ атуды үйренеді, ер жете келе түлкі, қоян аулап аужал табады, жігіт-желені шетінен садақ асынып, ат жалында ойнап, сайлауыт сарбаз болады. Салт бойынша олар жайшылықта мал бағып, аң аулап күнелтеді, жаугершілік бола қалса, барлық адам соғысқа аттанып, жортуылға шығады. Бұл – олардың сүйегіне біткен табиғаты. Олар алыстан садақ тартып, таяғанда қылыш, садақ сілтейді. Ұрыс үстінде оңтақы келсе өршелене шабуылдап, оңтайсызда тайсап кетеді, қашудан арланбайды» деп жазады [3].

Біз төменде арнаулы талқылайтын сүйек жазуындағы руды білдіретін 族 иероглифінің туды білдіретін иероглиф пен садақты білдіретін иероглифтің бірігуінен қосылуынан жасалуының өзі де ең басты қоғамдық бірлік рудың жебемен, тумен, яғни соғыспен байланысты екендігін ұғындырады.

Жалпы алғанда көшпенділер заттық мәдениет жағында салыстырмалы түрде мешеу болғанымен, әскери жақта зор басымдылық иеледі. Олар ат жалындағы садақтылар болғандықтан таңдаулы садақшылардан аса икемді атты жасақ ұйымдастыра алды. Бұндай арнаулы «күрал» оларды отырықты ұлттардың алдында үстем орынға шығарды. Бұл зеңбірекші қосындардың аяу заманғы европалықтарды басқа елдердің алдында ырықты орынға шығарғандығымен бірдей болған (Дала империясы – алғы сөз). От қаруы қалпыласудан ілгергі далалықтардың егінші елдерден әскери жақтан үстем орында тұруының дәмін байырғы Қытай, Үндістан, Иран, Батыс Азия және Европа елдерінің барлығы тартқаны тарихтан белгілі.

... «Қытайдың егіншілік өңірлері мәдениет, ұйымдасу және техникалық жақтардан артықшылығын әйгілесе, терістіктегі ұлттар (көшпенділер) дене уаты мен әскери жабдық жағында үстем тұрды. Іс жүзінде Шаң, Жоу дәуірлерінде пайда болған соғыс арбасы орта жазыққа ең әуелі батыс терістігіндегі далалық көшпенділер арқылы келген, былайша айтқанда, Іандар мен Жоулар көшпенділердің арқасында арбаға қол жеткізген. үнчиу-Жангуо заманындағы атты жасақ та дәл осындай. Чин армиясы ұстапқы кезінде батыс номдармен шайқасу барысында шынығып-ындалды, Хан дәуіріндегі атты жасақтардың кемелденуі де ғұндарға төтеп беру үшін болды. Сайып келгенде, әскери жақтағы кемелдену мен жаңалық аратудың көп бөлегі оңтүстік пен терістіктің алысуы барысында орындалып отырды. Бұнда, терістіктегі ұлттар (көшпенділер) қолайлы шарт-жағдайдан айдаланып, төңірегіндегі тың жетістіктерді қабылдап, әскери мәдениеттегі басымдылығына сүйеніп жаңалық жаратуда (әскери жақта) алда жүрді. Оңтүстіктегі ұлттар (орта жазықтағы егінші тұрғын халықтар) қоғамдық, материалдық және техникалық артықшылығынан пайдаланып, соңынан кемелдендіріп отырды» [9].

Батыс Хан патшалығы дәуірінде қытайдың терістігіндегі ұлттар (ғұндар, хиянпилер, т.б.) Орта жазыққа ағылып кірді. ... Олар орта жазыққа терістіктің өзіндік ерекшелікке ие ой жүйесі мен мінез-кұлқын ала келіп, орта жазықтағы дамығын егін шаруашылық өркеніетімен ұштастырды. Бұл Қытай ұлттарының мінез-кұлқын жақтағы сомдалуына зор есе қосып қалмастан, түрлі жақтардан жаңалық жаратуда да өзіндік әсер-ықпал әкелді [9]. Демек орта жазық елі терістік көшпенділерімен әскери жақтағы алысу барысында, әлемге аты шыққан, теңдессіз ұлы қорған соғып ғана қалмастан, әскери қосын және рухани жақтан да ұлы қорған қалыптастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 余太山: «古族新考» (Байырғы ұлтты тыннан зерттеу), 华书局, 2000年6月, 北京.
2. Го моро бас болып Қытай ғылым академиясы тарих институты құрастырған, *Сүйек жазуының жинағы*, Бейжин, Жұнхуа шужүй, 2000.
3. 史记 — 0卷, 匈奴传.

4. 唐治泽: «甲骨文字趣释» (Сүйек жазуын қызықты түсіндіру), 重庆出版社, 2002年.
5. 汉书96卷, 西域传(2)
6. 江应梁: «中国民族史», 民族出版社, 1990年.
7. 徐文堪: «吐火罗人的起源», 昆仑出版社, 2005年, 北京, 43-44
8. 郭物: «国之大事国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 53-59页, 73页, 134页, 163-165页, 176页.
9. Rene Grousset «草原帝国», 国际文化出版公司, 2006年, 12页, 27页.
10. 卢连成: «青铜文化的宝库», 四川教育出版社, 1996年, 成都.
11. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 136页, 51页, 177页.
12. “Чун сүй лу”, “Зо чуан. Жау гүң 25 жыл” сияқты тарихи жазбалардан.
13. 汉书94卷, 匈奴传(1).
14. Тарихи жазбалар мен Ханнамадағы қатысты мазмұндардан.
15. 张光直: «商文明», 辽宁教育出版社, 2002年, 129页.
16. Уаң хайчын, Қытай ат арбасының төркіні, “Евразия ғылыми журналы”
17. «Шинжиян университеті ғылыми журналы», 2006-жыл 1-сан
18. Уаң тейін, Үзеңінің төркіні, “Евразия ғылыми журналы”, №3, 76-100-б.
19. 1998 жылғы Ляуніңнің Лама үңгірі қабірін ашудан баяндама, “Археология журналы”, 2004ж, №2, 209-242-б.
20. Текестен Ханжин патшалықтары тұсының үзеңгісі табылды, “Үрімжі кешкі газеті” 2004ж, 17-науырыз, 6-б.
21. 盖山林: «丝绸之路草原民族文化», 新疆人民出版社, 1996年, 179页.
22. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 53-55页, 郭物: «国之大事—中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 107页.
23. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 53-55页, 郭物: «国之大事—中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 153页.
24. 雷海宗: «中国的兵», 中华书局, 2005年.
24. 左民安: «细说汉字», 九州出版社, 2005年, 281页.

REZUME

Y. KUMARULY (Urimzhi)

INFLUENCE OF ANCIENT NOMADS ON MILITARY CULTURE OF CHINESE CENTRAL VALLEY

The article deals with the influence of ancient nomads on military culture of central valley in China according historical literary texts, archaeological, as well as traditional sources.

Қалқаман ЖҰМАҒҮЛОВ
Алпамыс ӘБУ

ТҮРКІ КЕЗЕҢІНІҢ (ОҒЫЗДАРДЫҢ) ЕСКЕРТКІШТЕРІ

В статье даются сведения о памятниках огузских племен Тюркского периода найденных в результате археологических исследований.

Yazar türk yazı kaynaklarını faydalanarak arkeolojik kazıntılar netijesinde bulunan Türk devrinin Oğuz boylarına ait olan abideleri hakkında geniş bilgi veriyor.

Қазақ жерінде орта ғасырлық кезеңде көптеген түркі тайпаларының саяси-мәдени ошағы, Елордалық астанасы және түрлі типтегі қала-қоныстары бой көтерген. Алтайдан Еділге дейінгі аумақта бақташылық кәсіппен қатар, аң аулап тау-кен ісін меңгерген (жужан-авар) тайпалар үшін осынау жер киелі, қонысты атамекен болған. Кен орындары мен тау-тасқа бай осынау өлкеде түркі заманының хас шеберлері тастан, кейде ағаш пен сүйектен түйін түйіп, тұрмысына қажетті заттарын жасап мақсатына жарата білген. Бүгінде Түркі кезеңіне тән жәдігерлері бүгінде заманауи сұранысқа сай археология ғылымының жетістіктеріне сай сарапталып зерттелуде десек, елімізге танымал сондай зерттеу орындарынан бізге белгілісі Алматы (Жамбыл, Қарасай), Жамбыл (Меркі, Шу), Оңтүстік Қазақстан (Сайрам, Түркістан, Отырар) және Шығыс Қазақстан (Абай, Жарма, Ұлан) т.б. облыстардың аумағында бар. Аталған облыс аумақтарында жүргізілген зерттеулердің жүзеге асуында «Мәдени мұра» бағдарламасының да алар орны зор.

Осы қатарда Шығыс Қазақстан облысының аумағы ертедегі кен өндірушілер мен қола дәуірінің андрон мәдениеті ескерткіштеріне, ежелгі көшпелілердің зиярат жасар қасиетті орындарына бай өлкенің бірі. Барлау, қазба жұмыстары барысы мен ізденістер аясындағы зерттеулер түркі тайпаларының және одан да ерте кездегі бақташы көшпелілер кезеңіне тән ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер бүгінде ғылымға өзінің жаңа қырынан ашылуда. Орта ғасырлық араб деректері (IXғ.) бойынша ТҮРКІ сөзін, Орхон жазба ескерткіштеріндегі және қытай жылнамаларындағы деректерге сай, біртұтас халық, алып мемлекеттік құрылым мағынасынан шығып, ал оның құрамындағы халық тілдік аталуына қарай, ТҮРКтер аталғаны, әл-Истахридін: ...«тоғыз-оғыз, қырғыз, кимек, оғыз және халаждардың, барлық түрктін тілдері бір. Олардың әрқайсысы бірін-бірі түсінеді» [1.16] – дегенінен көрінеді. Бұл өз кезегінде Түрк қағанаты кезінде қалыптасқан тұтас бір Елдің екі-үш ғасыр қуаттылығын сақтай отырып, сыртқы тұтастығының бүтін болып көрінуімен көршілес елдерге үрей де туғызды.

Тыңшылық мақсатта түрктердің арасына ішкерілей енген әл-Йакуби: шын мәнінде ...«түрктердің әр тайпасы жеке мемлекет, олар бірімен бірі

соғысады» [2. 26]- деп, ТҮРК тайпалары арасында өзара соғыстың жиі болатындығын баяндайды. Бірақ, бұл VII-VIII ғғ. исламның Орталық Азияға әскери, сауда және саяси қарым-қатынас орнатудың нәтижесі мен тыншылық, барлау мақсатын көздеп келген елшілік миссиялардың елдің ішкі өміріне сұғына бастағандығына қатысты дерек болып та табылады. Ірі-ірі тайпалық одақтар арасында жүргізілген соғыстардың түбінде, өз алдына дербес саясат жүргізу мақсатын көздеп, үстемдік стуге ұмтылғандықтарын байқатады. Ескеретін жайттың бірі, түрк тайпаларының арасында биліктің киелілігі деген ұғымның болуы, яғни билеуші әулеттің шығу-тегінің асыл, текті болуы басты шарт етіп қойған, бірақ бұл өз алдына тарқатып қарастыра бөлек тақырып.

Түрк қағанатының ыдырауымен Еуразияның далалы аумағы бірнеше мемлекеттік құрылымдардың жеке иелігіне айналды. Батыс бөлікте Хазарлар, алғашында Жетісу, кейін Сырдария, Арал мен Каспий теңізі аралығында Оғыздар, солтүстік (Енисей) бөлікте Қырғыздар, Жетісумен шектескен шығыс шекаралық Алтайға дейінгі аймақта Қарлұқтар, Моңғолияда ұйғырлар, Шығыс және Орталық қазақстан аумағында, одан әрі Ертіс өзенін жағалауында Кимектер өз иелігін құрды. Этностық, әрі тайпалық иелік биліктегі қоғамдық құрылымның саяси билік құрылымы ұқсас, этномәдени дамуы тұрғысынан туыс болып келетін жабғулық түрк мемлекеттерінің арасындағы этносаяси, тағы да сол этномәдени процестерді бағамдауда, көбіне-көп жергілікті археологиялық ескерткіштерге басымдық беріледі.

Халықтардың ұлы көшін бастаған ғұндардан кейінгі көшті қайта жалғаған түрк тайпаларының VIII ғасырдан бастап, шығыстан батысқа қарай тағы бір мәрте қоныс аударуы туралы деректі, әл-Мә'судиден (X ғ.) кездестірдік. Оның «Китабун фунун әл-ма'(ғ)риф уә ма'жара фи духур ас-сауалиф» (әл-Мә'судидің Таным өнері және өткен ғасырларда не өткендігі жайлы атты бүгінге дейін жетпеген) атты еңбегінде Түрк тайпаларының: ...«оғыз, қарлұқ және кимектердің шығыстан қоныс аударуының себептерін Журжан өзеніндегі шапқыншылық соғыстардың болуымен байланысты еді»- деп жазады [3.18; 3.26].

Терхин жазуы аталатын түрк жазба дерегінде Оғыздардың мемлекеттік құрылымы қалыптасқанға дейін шағын иелік ретінде өмір сүргенін көрсетсе, олардың өзге де түрк тайпаларымен қоян-қолтық араластықтағы байланыста болуы және сол тұста түркілердің өз алдына этномәдени ерекшелігінің жеке дара болып қалыптаса қоймағандығынан да аңғартады. С.Г. Кляшторныйдың «Терхин жазбасына» жасаған аудармасында: ... (10) мой Небесный хан захватил множество заблудших (буквально: слепых) пяти [тысячника] ... Кутлуга-чигши, Канчу Алп Бильге-Чигши ... Хан захватил истомленный огузской народ, шесть сот (его) сенгунов, один тюмень (его) войска (букв.: народа) [4. 93]- деп берілген. Шаршап қажыған оғыз халқы деп көрсетілген мәтіннің астарында, оғыздардың бағындырылғанымен олардың өз алдына Ел

болып өмір сүргендігін көреміз. Бұдан бөлек Күл-тегін жазбасында, Күл-тегін қайтыс болғанда оғыздардан Бәз қағанның келгендігі айтылады.

Шығыстан батысқа қарай созылған жазиралы даланың шұрайлы жайылымы мен өзен-көлдерін ата-қоныс еткен түркілердің жерлеу, ас беру және еске алу жоралғыларын, ғұрыптық шараларға қатысты кейбір дүниетанымдық айырмашылықтар да кездеседі. Мұны біз Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Сарыкөл ескерткішінен де кездестірдік деуге болады. Қысқаша тоқталып өтер болсақ, №12, 13, 14 –деп шартты түрде белгіленген түрк кезенінің обаларында жерлеу ғұрпы кезінде мәйітті өртегендігін байқадық. Жалпы обалардың өзі құрылымы бойынша дүниетанымдық негізді білдіретіндіктен олардың пішіні, көлемі өзгеріп отыратындығы тағы бар. Көшпелі тұрмыстағы түрк тайпаларының ғұрыптық жерлеу дәстүрінде жылқы малының (ғасырлар бойы) мәйітпен бірге жерленуі немесе ғұрыптық асқа, құрбандыққа айналуы әрісі, андрондық және атбасарлық мәдениеттен көрініс тапса, сақ кезенінің Берел, Құла жорға мәдениеттерімен ғасырлар бойы өз жалғастығын тапқан. Кейінірек, Қазақстанның батысын қоныстаған оғыздардың жерлеу салтында, жерлеу ескерткіштеріндегі жылқының жиі ұшырасуынан да байқалады. Мұны кезінде арабтардың елшілік діни миссиясының өкілі ибн-Фадланның (922 жылы Еділ бұлғарларына сапар шеккен) жол-жазбаларынан да кездестіруге болады.

Жылқының құрбандық малына арналуы, оның ғұрыптық негізде таңдап алынуын оңтүстікте Түркістан қаласы маңындағы (дәлірек Құмтүйін ауылы) ортағасырлық Қарашық қаласының кіре-беріс қақпасының жанына жерленуінен де көруге болады [5. 89]. Қарашық 1 қаласының рабадын қоршап жатқан қорғанның қазіргі биіктігі 2-3 м, ұлтанындағы ені 10-15 м. Қорғанның қай кезде салынғандығын анықтау мақсатында оның солтүстік қақпасынан батысқа қарай 10 м жерден кесік салынған. Қазба кезінде қорғанның үстінен есептегенде 4 м тереңдіктен (VIII ярус) көлемі 42×21×9-10 см кесекпен ұзыннан бір қатар етіп қаланған, ұзындығы 2 м, ені 0,6-1 м қаландының (қоршаудың) ішіне жерленген жылқы сүйегі табылған (1-2 сурет (F3Ж туралы есепте 108-110 сур.)). Әзірше жылқының жерленген уақыты VIII-X ғасырлар аралығы деп болжанып, этномәдени тұрғыдан талдау мәселесі алда, алайда алдын-ала жасалған болжам бұл ескерткішті осы өңірде өмір сүрген оғыз-қыпшық тайпаларының әулеті өкілдерімен байланыстыруға болады [5. 90].

Келесі нысан 1998 жылғы Тұран археологиялық экспедициясының Түркістан ауданында жүргізген зерттеулері кезінде табылған **Таңбалы тас** – бұл тас бағана Шалқұлаған өзенінің сол жағындада шоқыда орналасқан. Бағананың биіктігі 1,3 м, ені 17-18 см-ден 24-26 см шамасында (3-сурет). Тас бағанның төрт жақ қабырғасына жоғарыдан төмен қарай әртүрлі таңба, араб графикасындағы жазулар, тау ешкі суреттері бейнеленген [6. 54].

Жоғарыда аталған Сарыкөл тарихи-ескерткіші кешеніндегі ғұрыптық жерлеуде де, ондағы мәйіттің өртелуі көршілес Монғолия жерін қоныстаған түрк тайпаларының жерлеу ғұрпында кездесетін жайт. Мәйіттің өртелуіне қатысты, көсемнің не қолбасшының сүйегін оның жауларының тауып алып, оны қорлауына бермеудің алдын алу үшін жасалған шараның бірі ретінде қарастыруға болады. Алайда мұнда жылқы сүйегі обаның ішінде емес, сыртындағы ғұрыптық алау орны маңынан ғұрыптық астың қалдығы ретінде табылған деуге болады.

Ғасырлар бойы жылқымен жерлеу дәстүрінің сақталуы бүгінде тура сол күйінде болмаса да, этнографиялық кезеңге дейін ел ішінде зират басына жылқының бас сүйегінің қойылуымен жалғасып отыр. Мұны біз Қазақ жерінің ислам әлемінің солтүстік шекарадағы форпосты (ең шеткі нүктесі) болғандығымен деп түсінуге тырыстық. Ал, ислам дінін қабылдаған түрк тайпаларының оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай жылжуын ислам дінінің таралуына ықпал жасаған оңтүстіктегі қалалар мен ондағы көсем билеушілерінің шығыстағы ел басқарған көсемдермен ынтымағы жарасқан тығыз байланысы мен ықпалының әсерінен және одан әрі, осы қарым-қатынастың жалғасуына екі жақты тараптың да мүдделі болғандығынан көреміз. Сөзіміздің дәлеліне Түркістан қаласының ортағасырлардан бері Қазақ елінің рухани астанасы қызыметін атқаруымен байланыстыруға болатын шығар.

Көшпелі елдің ортағасырлық мүсіндеу өнерінің жарқын көрінісі жергілікті жердегі тау тастарынан бәдізделген. Ғұрыптық шарамен обаға жерленген мәйіттің қабір басына еске алу, ас беру орындарындағы кешеннің шығыс жақбөлігінде антропоморфты тас мүсіндер қойылған. Кей жағдайларда олардың саны бірнешеу болып келеді. Осындай ескерткіштердің бірі, осыдан жиырма жыл бұрын уақытта ШҚО Жарма ауданындағы Үш биік теміржол стансасы маңынан табылған обаның жанында 5 тас мүсін және Ұлан ауданы, Точка ауылы маңындағы обадан 3 тас мүсіннің тұрғандығымен расталғандай.

Алайда, көшпелі тұрмыстағы түркілердің шығыс және солтүстік тарапты қоныстаған тайпалары арасында тас мүсін, бәдіз жасау өнері біршама уақытқа дейін сақталған. Оны Шығыс Қазақстан аумағында әсіресе, тас мүсіндер шоғырландырылған Семей және Өскемен қалаларындағы облыстық және Зайсан, Ақсуат ауданының өлкетану музейлеріндегі ескерткіштерден-ақ көруге болады. Осындай тас мүсіннің үш данасы Қалбатау кентіндегі музей жанына қойылған.

Осы бәдіз мүсіндердің тегінде б.з. I-мыңжылдығының соңында Жоғарғы Ертіс өңірін жайлаған кимек тайпалары мен көршілес қоныстаған Оғыздарға тиесілі екендігі анық. Себебі, осы тұста IX-X ғғ. Кимек қағанатының этникалық құрамы жағынан күрделі болғандығын араб жазба деректері және оны өлкеде жүргізілген көптеген археологиялық зерттеулер де көрсетіп отыр. Жазба деректегі Гардизидің айтуынша, еліміздің шығысын

жайлаған тайпалар олар: эймур, имақ, татар, байандур, кыпшак, ланиказ, ажлаз ру-тайпаларынан күралған [7. 31].

Эймур, байандур сияқты тайпалар М. Қашқари (ХІ ғ.) көрсеткен оғыз тайпасының атаулары. Бұл деректер оғыздардың Шығыс Қазақстан аумағында жасаған Кимек қағанаты құрамында болғандығын және бұл көшпелі ру-тайпалардың арасында тығыз қарым-қатынастың болғандығын көрсетеді.

Айта кетейік, тас мүсіндер тегінде бейнеленуі жағынан түркілердің әлеуметтік ортасынан, иерархиясынан хабар береді. Мәселен, жоғарғы мәртебелі тұлғаларды малдасын құрып отырған күйінде бейнеленсе, батырлар мен өзге қоғам мүшелері бойын тіктеп тұрғызылып мүсінделген.

Қалбатаудағы тас мүсіннің бірінің кеуде тұсына күс қондырғаны назарымызға ерекше ілікті. Олар Қалбатау кентінің орталық аланындағы музейдің сол жақ кіре-беріс есігінің алдына қойылған. Оң жақта орналасқан биігінің төсінде күс бейнеленген. Одан бөлек өзге мүсіндердің көпшілігінде ұшырасатындай екі мүсіннің екеуінің оң қолында ұстаған көзе яки, аяқ (ыдыс) бар. Өкінішке орай, тас мүсіндер өзінің әуел бастағы орнынан алынып, музей жанына қойылған. Бірақ ескерер жайт, бұл тас мүсіндер аудандағы музейді алғашқы ұйымдастырушының жанашырлық қолымен, шамамен Қаракөл көлінің маңынан, жоғалып, қолды болып кетпей тұрып әкеліп қойылған.

Бұқа, бұғы, тау қошқары (тау теке) (арқар, құлжа) тас дәуірінің өзінде-ақ ру мен тайпаның тотемі болғаны [8; 286] сияқты оғыздардың да, түрк тайпаларының да кие-тегі түз тағылары және өзге де аң-құстар түрінде бейнеленген.

Оғыз қоғамында ер адамдардың аты-жөндерінде күс атауымен балама болып келетін Тоғырыл-бек, Шағырыл-бек тәрізді есімдердің де бар екендігі. Тоғырыл атауы көне түркі тілінде «сұнқар» дегенді білдіреді. Тарихтан белгілі Селжүктерді бастаған ержүрек Тоғырыл-бек пен Шағырыл-бектің болғандығы және Оғыз тайпаларының тарихы саналатын «Оғыз-нама» шежіре баянында Оғыз қағанның ең үлкен Күн ханнан тараған тайпаның, яғни оның үлкен баласы Қайының (таңбасы: - құдыретті) табынар онгоны да ақ сұнқар, екінші ұлы Ай ханның ұлдарының да табынар онгоны- бүркіт және Теңіз ханның ұлы Йигдырдың да таңбасы – сұнқар болғандығы да сөз болып отырған күс бейнесімен өте жақын астасады.

Ойымызды түйіндей келгенде айтарымыз, бұл біз байқаған ескерткіштердің аз ғана бөлігі. Түрк кезеңінің Оғыз тайпаларына тән ескерткіштерінің әлі де жана түрлері табыла бермек, өз тарапымыздан аз да болса үлесімізді қоссақ дегенді айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по истории киргизов и Киргизии (Извлечения из арабских, персидских и тюркских исторических и географических сочинений X-XIX вв.), вып., 1. –М., Наука, 1973. -280 с.

2. Ильясова З.С. Араб деректеріндегі түрік тайпаларының этносаияси процестері // ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы №4 (37) 2006. 26 б.

3. Закиров Ш.Т. Арабоязычные источники IX-XII вв. и их значение в изучении этнополитической жизни народов Средней Азии. Авто-реф. ...канд. ист. наук.- Ташкент, 1994. Kitab al-boldan auctore al-Jakubi. Ed. M.J.


4. Кляшторный С.Г. Терхинская надпись (предварительная публикация). // Советская тюркология. №3. АН СССР/ АН Азербайджанской ССР. Баку, 1980.

5. Тұран археологиялық экспедициясының 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жүргізген зерттеулері (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Түркістан, 2003. // Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының архивынан.


6. Тұран археологиялық экспедициясының 2001 жылы Түркістан ауданында жүргізген зерттеулері (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Түркістан, 2002. // Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивы.

7. Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. Оскемен, 2006.; Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары (тарих, мәдениет, білім) Ғылыми-көпшілік басылым. Өскемен, 2006.


8. Марғұлан Ә.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алматы, 1989.




1- сурет




2- сурет



3-сурет. Баған-тас



6-сурет



4-сурет



5-сурет

REZUME

K.JUMAGULOV, A.ABU (Almati)
THE MONUMENTS OF THE TURKIC (OGUZ) PERIOD

In article are given some dates about the monuments of oguz tribes of the Turkic period found as a result of archeologic researches.

РЕЦЕНЗИЯ

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ

КЕМЕЦГЕРДІҢ КЕЗІНДЕ АЙТҚАН КЕЛЕЛІ ОЙЛАРЫ

В статье автор делится мыслью о книге академика Р.Бердибая «Әдебиет сынының көкжиегі», которая вышла в 2006 году.

Makalede yazar Ord. Prof. Dr. R. Berdibay'ın 2006'da yayınlanan "Edebiyat Kritisinin Ufukları" adlı kitabının tanıtımını sunmaktadır.

«Әдебиет сынының көкжиегі» – ҚР ҰҒА-ның академигі Р.Бердібайдың 2006 жылы жарық көрген кітабы. 1960 жылдардан бері Алматы баспасынан үздіксіз кітап шығарып келе жатқан ғалымның бұл кітабының өзгешелеу тарихы бар. Өйткені кітап көне шаһар – Түркістаннан басылып шықты. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің баспаханасы әйгілі ғалымның кітабын шығарып, өз студенттеріне, магистрлер мен аспиранттарға, әдебиетші ғалымдар мен ұстаздарға мұрағаттан (архивтен) іздеп таба алмайтын мол мұраны сыйға тартып үлкен іс тындырды. Себебі бұл кітапқа ғалымның 1955–1997 жылдар аралығында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары хронологиялық тәртіппен іріктеліп беріліпті. ХХ ғасырдың 50-жылдарының ортасы, 60-70 жылдарда әртүрлі газет, журнал беттерінде жарияланған мақалаларды қазіргі күні қолға түсіру қиын. Әсіресе, ол басылымдардың топтамасы кездеспейтін астанадан шет аймақтардағы ғалымдар, ізденушілер, оқытушылар мен студенттерге үлкен олжа болды. Бұл мақалалар ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы мен ұлтымыздың рухани өміріндегі елеулі оқиғалардан мол мағлұмат береді. Кітаптан ұлт зиялыларының кеңестік идеология қыспағында жүріп ұлтымыздың төл мәдени мұрасын өркендету үшін істеген ерен еңбегі мен ширыққан күресін байқауға болады.

Аталмыш кітапқа Р.Бердібайдың сыншылар қатарында болып, қазақ әдебиетінің көркеюіне үлес қосқан сүбелі-сүбелі мақалалары енгізіліпті. Бұл кітаптың құндылығы да осымен өлшенеді. Бұрынғы ешбір кітаптарында жарияланбаған алды 40 жыл бұрын газет, журнал беттерінде бір рет қана жарық көрген, қазір орталық мұрағаттардан да түгел табылмайтын бағалы мақалалар. Кітаптан қырық жылдан астам уақыт бойы қазақ мәдениетінің ауырсынған жаралы тұстары мен соған шырылдап кеп ара түскен ардагердің әрі батыл, әрі өткір қайратты үні естілгендей болады. Ұлт мәдениеті деген ұғымға оның тілі, әдебиеті мен өнері, мектебі, ғылымы, баспасөзі, мемлекетінің саясаты, дәстүрі, заңы т.б. құндылықтары енетіні белгілі.

Қазақ тілінің тағдыры туралы, оның жарاقاتын емдеу жолдары туралы Р.Бердібайдың салмақты ойларын соңғы кездері шыққан барлық кітаптарынан оқуға болады. Бұл кітапта ғалымның осы тақырыптағы ең алғашқы және атақты мақаласы «Ең үлкен мәдени байлық» жарияланыпты. Бұл мақала туралы автордың өзі кейінгі жылдары берген сұхбатында былай дейді: «Жұртшылық пікірін туғызуға мұрындық болған, кезінде атақты қаламгерлеріміздің көбінен жылы лебіз есіттірген, үкіметіміздің 1956-1957 жылдардағы үш қаулысының дүниеге келуіне себепкер болған, өзіме таяқ жегізген, ұлтшыл атандырған, итжеккенге айдалудан басқаның бәріне душар еткен, қызметімнен де шығартқызыған, «Социалистік Қазақстаннан» бастап «Правда» газетінің бетінде сынға ұшыратқан,

«Қазақ әдебиеті» газетінің жұмысы туралы Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің жасырын қаулысында «Саяси қате жібергендердің біріншісі атандырған мақала». Мақалада тілдің ұлт тарихындағы қасиетті орнын толық ұғындырады. «Тілдің сан ғасырлық өмірде халықпен бірге жасасып келе жатқан мәдениет екенін ұғуымыз тиіс... Коммунизм тұсында бір тіл екінші тілді жеңеді деген тұжырымды кейбір жолдастар қазіргі өмірге қолданатын аксиома санайтын көрінеді. Мұны нағыз зиянды көзқарас деп атамасқа болмайды. Бұл секілді үстірттікті ешбір елдің тарихынан іздеп табу қиын» немесе «Қазақ интеллигенті ана тілін білмейді», ең қынжыларлығы сол – бұл мәселені кейбірі әбден табиғи, заңды көрініс деп санайды... Қайткен күнде де тілді екінші тілді ұмытудың себебінен үйрену жақсылық емес». «Кейбір жолдастар прогреске жетудің бірден-бір жолы ана тілін ұмыту деп ойлайтын тәрізді... Қазақ балалары өз ана тілін өте жақсы білетін болсын деген мәселені батыл қоятын уақыт жетті», – деген сөздерді сонау 1956 жылы қылышынан қан тамған кеңестік империя «коммунизмге мықтап бет түзеген» уақытта жария етті деудің өзі адам сенгісіз сияқты. Бірақ дәл сол ойлармен жарқ еткен мақала көпшіліктің айтсам деген ойы болып шықты. Ұзақ қуғындаулардан – кәмпеске, репрессия, соғыс зардабы, 1952 жылдардағы қуғын-сүргіннен іштен тынып, дүние жүзілік соғыста жеңіп шыққан коммунистік идеологияның ендігі бет алысы не болар екен деп тұншығып тұрған ұлт интеллигенциясының көңіл түкпіріндегі ойы боп, жүрегіндегі аңсары боп жарыққа шықты. Бұл мақаланың тағдырын М.Дулатовтың «Серке» газетінде жарияланған мақалаларымен қатар қоюға болады.

XX ғасыр басындағы Алашұранды ұлт зиялыларының ойымен үндесіп ұлтымыздың сілкінуіне, елдігімізді танытуға бетбұрыс жасалуына ұйтқы болған, ұлттық мәдениеттану тарихындағы елеулі оқиға ретінде оқулықтарға енгізіліп, оның себеп-салдарын түсіндірсек – кеңестік дәуірдегі ұлт зиялыларының от пен оқтың ортасында жүріп қанша ұлағатты істер тындырғанын нақты дәлелдеуге болар еді.

Ұлт тілі, әдебиеті, әдебиет оқулықтары туралы жазылған проблемалық мақалалары дәл қазіргі күн үшін де өзекті. «Әдебиет пәні және оқулық», «Суретті кітапшалар жайында», «Ана тілі оқулықтары туралы», «Жемісті жылдар» мақалаларындағы қорғасындай салмақты ойлар ұлт болашағы үшін жаны қиналған қайраткердің ғана айта білген, айта алған алдаспандай мұқалмас қажырын көрсетеді. Дәл қазір де оқулық шығарып жатқан авторларымызға бағдаршамдай жол көрсетері ақиқат. Мектеп қабырғасында оқушыларға ғылым негіздерін үйретуде сапалы жасалған оқулықтардың атқаратын қызметі зор. «...Оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп, олардың жалпы білімін өсіруде әдебиет оқулықтарының орны ерекше», – деген ойлары бір пәнді әсіре мақтау емес. «Суретті кітапшалар жайында» деген мақаласында тәрбие құралының ең ұлысы – ұлтымыздың халық ауыз әдебиеті екендігін былай түсіндіреді: «Балалардың ақыл-ойын, дүниетануын өсіруге ертегілердің мәні зор. Тіпті ертегілерді балалар әдебиетінің ең ежелгі нұсқасы деп атауға болар еді. Оларда жас балаға сан түрлі түсінік беретін, сұрыпталған ашық бояулы, есепсіз мол оқиға бар». Немесе бәрімізге белгілі «Бір деген – білік», – деп басталатын тақпақ өлеңнің маңызы туралы: «Мұны жаттаған бала, біріншіден, сан үйренсе, екіншіден, бірталай заттың атын біліп шығады», – деп ұлттық педагогиканың асыл діңгегі – фольклор туындыларын қорықпай қажетке жаратуға шақырады. Бүгінгі күннің проблемасымен астасып жатыр. Теледидардың алдынан шықпайтын қазіргі бүлдіршіндерге де ара түсер жан шығуы керек. Шетелдің танымы өзге, пиғылы жат киноларын емес, дәл осы ұлттық фольклордың

«балалардың ақыл-ойын, дүние танымын өсіруге мәні зор ертегілерден» кино жасап, тек соны көрсету қажет. Ұлттық фольклордағы санамақтарды пайдалану керек. Бұл мақалада балалар әдебиетіндегі әлі де орны толмай жатқан үлкен кемшілікті көтерген. Бір кездері балаларымызға қазақ тілінде жазылған, әдемі, түсінікті, бірден жатталып қалатын суретті кітапшалар таппай қиналсақ, енді немерелерімізге де дәл солай киналып жүрміз. Біздің ұлтымыздың фольклоры, ондағы сығымдалып берілген қорытындылар мен тәрбие ешбір елдің фольклорында жоқ деуге болады. Бірақ соны қажетімізге жаратуға келгенде, шегіне береміз. Кітап дүкендерінің барлығы өзге елдің рухы мен танымын насихаттап жатқан жарқылдаған кітапшаларға толы. Бұны қайтіп, кімге айтуды білмей жаның қиналады. Ұрпақ тәрбиесі өзге елдің ықпалында кетіп жатқанына жүрегің езіледі... «Жемісті жылдар» деп аталатын мақаласы қазіргі күні іздеп таба алмас деректерімен құнды. Сонау 1940-50 жылдары қазақ әдебиетінен жазылған оқулықтардың аттары мен авторлары түгел көрсетілген. Және сол оқулықтардың сапасына, қамтыған әдеби біліміне талдау жасалынған. Мысалы: С.Сейфуллин өзінің қазақ әдебиеті (1932) атты әрі оқулық, әрі хрестоматиясында ауыз әдебиетін жеке блокқа бөліп таныстырады, көптеген мұралар жөнінде тыңғылықты, қызғылықты пікірлер айтты. Бұл еңбек халық әдебиетінің саф мөлдір байлығын жұртшылыққа таныту жөнінен зор маңызға ие болды», - дейді. Мақала 1965 жылы жазылғанын ескерсек, қажетсіз дүниелер есебінде қолданыстан шығып қалған мол мұраның тарихи орнын беруде атқарар қызметі үлкен.

«Ана тілі оқулықтары туралы» деген мақаласында ұлт болашағы жас ұрпақ оқитын оқулықтың қаншалықты маңыздылығына тоқталып, бұл мәселені жалпы ұлттық, мемлекеттік іс деп қарау керектігіне назар аудартады. Бұл - еш уақытта өз құндылығын жоймайтын мәселе. Оқулық авторларына ұлттық міндет биігінен сын айтады. «Кітап авторлары әдебиетіміздің алтын қазынасын кең ақтарып, ең тәуірін іріктеп ұсынатын болсын», - деген сөзі бүгінгі күн үшін де қымбат. Жоғарыдағы «Суретті кітапшаларда» көтерген мәселесін әрі қарай дамыта түскен.

«Әдебиет сынының көкжиегі» кітабында әдебиеттің теориялық мәселелерін көтерген көптеген мақалалары берілген. Бұл еңбектерінің ғалымның басқа кітаптарында жарияланбағанын ескерсек, бұл кітап әдебиеттану ғылымынан қажетті оқу құралы бола алады. «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері», «Шындық және көркемдік шындық», «Туған әдебиетіміздің тарихын толғағанда», «Әдебиеттің асыл мұраты», «Оқиға және характер», «Характер жасау жолында», «Отызыншы жылдардағы қазақ романдары», «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Характер және жағдай», «Замандас тұлғасы», «Боран туралы бірер сөз», «Аңызға ұласқан ақиқат», «Көркем сөздің асқан шебері», «Көркем сөздің көрнекті теорияшысы», «Манас» туралы маңызды зерттеу», «Халық қозғалысының көркем ескерткіші» сияқты мақалалары ғалымның әр жылдары түйген ғылыми қорытындысындай, бұл саладағы табанды зерттеуші болғандығын көрсетеді. Белгілі ғылыми дәреже алу үшін ғана ережеге сай мақала шығарумен айналысу емес, өз жүрек қалауымен жаны сүйіп ғылымның қиын жолын таңдағанын танытады. Алдына қойған мақсаты – ұлтымыздың рухани мұрасы болып есептелетін ұлт әдебиетінің жалаң идеологияның сойылын соғушы емес, нағыз ұлттың рухына сәуле шашар өнер туындысы болып жетілуіне өз үлесін қосқанын айғақтайды. 1963 жылы жазылған «Характер жасау жолында» деген мақаласында «Қазіргі көркем шығармаларда алдын ала белгіленген маршрутпен жүретін, өмірі қателеспейтін, аузынан бейсауат сөз шықпайтын, бірақ

іс-әрекеті ешкімді сендірмейтін сұлде бейнелерге орын тарылып бара жатқаны да сүйсіне байқар жайт», – дейді. «Сұлде» бейне жасаған қаламгердің шығармаларын идеясы жақсы еді, – деп жақауратпайды. М.Қаратаевтың «Даладағы дабыл» романындағы Шахмет ишан бейнесіне қуаныш білдіреді. «Бізде осы кезге дейін ишан аталғанның бәрі құбыжық болып түсіндірілетін», – деп қазақ қоғамында ұлт зиялыларына дұрыс баға берілмегенін атап көрсетеді. «Оқиға және характер» деп аталатын мақаласында романға қатысты теориялық білім романды талдау үстінде түсінікті тілмен өрнектелген. Ерекше етіп бөліп алып, анықтама ретінде пайдалануға әбден болады. Мысалы: «Шығарманың сыр-сипатын анықтайтын – сюжет. Сюжет – ақиқат өмір материалының, характерлердің авторлық дүниетаным мен аңсардың түйісіп, бірлікке келуінің жиыны. Сюжетті әңгімелеу – көркем туындының гартыстық, характерлік, композициялық қасиеттерін де қарастыру болмақ». «Сюжет – адам әрекетінің өзара қарым-қатынасының жүйесі, характердің жасалу логикасы». «...Өз орнында өткір көрінген оқиғалар сюжет бола бермейді, сюжет қашан да адамдардың типтік, шыншыл байланыстарының жүйесі». Осылай нақты роман теориясына қатысты қағидаларды ғылыми тілмен түсіндіреді. Б.Майлин романының құндылығын: «Қазақ адамының өзіне тән психологиялық ерекшелігін, салт-санасын жан-жақты суреттеуі жазушының өшпес еңбегі», – деп бағалайды. Жазушының шығармалары тап күресін суреттеуімен емес, ұлттық психологияның берілуімен құнды екенін аксиома етіп алады. Бұл пікір де дәл бүгінгі күннің талабымен үндесіп жатыр. Қазақ әдебиетінің классиктеріне кеңес үкіметінің саясатын қолдады, ұлтты екіге бөліп, кедейлерді ғана жақтады дегендей біржақтылықпен қарамау керек. Ондай шығармалары да бар. Заманының сойылын соқпаған ұлыларды табу қиын. Бірақ нағыз көркем дүниелерін алып, шынайы көркемдігіне баға беру - әділеттің ісі. Сыншы бұл мақаласында қаламгердің нағыз шынайы бағасын береді. «Көркем сөздің асқан шебері» мақаласында ұлы суреткер М.Әуезовтің суреткерлік қырларына әдебиет теориясы тұрғысынан нағыз дәлелді, көркем шығарманың заңдылығын көрсете отырып, қай ғасырда да өлмес, адамзат игілігіне айналатын себебін түсіндіре баға береді. «Біріншіден, М.Әуезов шығармаларымен бірге қазақтың жазба прозасына терең реалистік, психологиялық сипат келді. ...Екіншіден, М.Әуезов туындыларында табиғат суреттері тұңғыш рет жай тамашалау болмай, характерді, жағдайды анықтай түсерлік жанды, қажет бөлшекке айналды. Үшіншіден, М.Әуезовті біз қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың ең көрнектісі деп білеміз», – дейді ғалым. Осы үш қорытындыны тұтастай таратып алып кетсе үлкен үш ғылыми зерттеу еңбек шығатындай. «Қилы заман» жарық көрісімен жариялаған мақаласы «Халық қозғалысының көркем ескерткіші» деген мақаласы да дәл бүгінгі күннің әуенін танытқандай. Бұл - көркем шығарманы тек көркемөнер заңымен ғана бағалай алатын білікті де, танымы биік жанның қолынан келетін іс. «Көптің кекке қайралған қимыл-әрекетін көрсету жөнінде «Қилы заман» қазақ әдебиетінде жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Мұнда халықтың отаршылдыққа деген жиіркеніші зор көркемдік қуатпен бейнеленген». «Отаршылық саясаттың ең асқынған түрі – геноцидтің жексұрын кескіні «Қилы заманда» ақиқат көрінісін тапқан. Қарақол шаһарына айдалып апарылған Ұзақ, Жәменке, Серікбай Әубәкір сынды ел басшыларын айуандықпен азаптаушылық, уланып өлген Жәменкенің денесін өз жерінде қоюға рұқсат етпеушілік, халықтың наразылығын әдейі өршітіп, артынан айыпты етіп көрсетіп, қанын судай ағызуға жоспарлы түрде әзірлеушілік патшалықтың нағыз жауыз тәсілі болатын. Тұтас халықты жер бетінен жоқ қылып

жіберуге отаршы жендеттер шімірікпестен баратыны әшкереленген», – деген сөздер осыған дәлел. Патшалықтың осы жексұрын тәсілін кеңес үкіметі де әдем пайдаланғаны белгілі. Біз білетін Желтоқсан тарихы осының соңғы куәсі. Сондықтан батылы барып ашып көрсетуі ғалымның биік парасатын танытады.

Ғалым әдебиетке қаншалықты тереңдей енсе де ұлт мәдениетінің негізгі саласы музыкаға деген іңкәрлігі мен қамқорлығын естен шығармайды. Бұл кітапқа да ұлт зиялыларының асыл арманын бүкпесіз айтқан бес мақаласы енгізіліпті: «Музыка мұқтажы», «Ән - өмір көркі», «Әбікен күйші», «Ән туралы бірер сөз», «Күй – халық мұрасы». Әрқайсысы музыка өнеріндегі ірі проблемаларды көтеруімен құнды. Барлығына талдау жасауға мақала мүмкіндігі көтермес. Бір ғана «Музыка мұқтажы» мақаласын 1956 жылы жазылған деп емес, дәл қазіргі күндегі ұлттық музыканың аянышты халі туралы трактаттар деуге болады. Сөзімізге дәлел келтіре кетейік: «Музыка – халықтың жан күйінің көрінісі», «Музыкалық мұрамызда күрделі үлесі бар әнші, күйшілерді еңбегі – ескіrmес қазына», «Жақсы ән, күй тудыру үшін халықтық негіздерге бару шарт», «Ән - зорлыққа көнбейтін ең демократиялық жанрдың бірі. Оны схемамен, құр еліктеумен немесе құрастырумен жасауға болмайды. Ән де өмірдің өзіндей қажеттілік болып жасалуға тиіс», «Искусствоның өзіне тән айырықша заңдылығы болады десек, сол заңдылықтың бірі көркемөнердің бірлігі бір ұлт топырағында ғана туатындығы еді».

Бұл музыка өнерінің ерекшелігі туралы жасаған салмақты қорытындысы болса, ұлттық музыка өнерінің біртіндеп өліп бара жатуына себеп болған жайттарды санамалап көрсетеді.

«Идеясыз», «ескі», «композитор өмірбаянында «шатақ» бар деген сөздердің астарында ұлттық мұрамызға жасалған қуғын-сүргін тарихы жатыр. «Екіншіден, қазақ музыкасын насихаттаудың жоспарсыздығы сонша, қазақтың ән, күйін көпшілік жиналған жерде өте сирек естиміз». «Қазақстанның темір жол станцияларының вокзалында да қазақ әнін есту оңайға түспейді», - деген ойлары да осыны аңдатады. Бұл жан айқайы әлі де шешілмей тұрған мәселе, алынбай тұрған камал...

Қорыта айтқанда, қазіргі күні еңбегінің зейнетін көріп отырған, еңбекқорлығы таң қалдыратын үлкен ғалымның әдебиет майданына келіп қосылған күнінен бастап дәл бүгінгі күнге дейін бір мұраттан айнымай, сара жолынан таймай, өткеніне өкінбей, атқарған ісінен ұялмай, бүгінгі күнгі уақыт сынынан жасқанбай қазіргі оқырманымен де маңдайы жарқырап келіп қауышқаны қуантады.

МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

<i>Уртегешев Н.С.</i> (Новосибирск)	Соматические параметры гласных: методика определения ступеней отстояния	3-12
<i>Urtegeshov N. S.</i> (Novosibirsk)	Дауыстылардың жасалу орнына қарай түрлену параметрлері: арақашықтық дәрежелерін анықтаудың әдістемесі Ünlü seslerin yarımına göre değisne yönleri mesafe derecelerini belirleme metodu Somatic Parameters of Vowels: Methods of determination of Fixation Steps	
<i>Салқынбай А.Б.</i> (Алматы)	Тіл корпусы: сыртқы фактор және тарихи қор	
<i>Salkınbay A.B.</i> (Almatı)	Корпус языка: внешний фактор и исторический фонд Dil: Dış etken ve tarihi kaynaklar Language Building: External Factors and Historical Fund	13-17

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

<i>Әлібекұлы А.</i> (Алматы)	Көне түркі әдебиеттің Асқар Егеубаев поэзиясына әсері	18-25
<i>Alibekuli A.</i> (Almatı)	Влияние древнетюркской литературы на поэзию Аскара Егеубаева Eski türk edebiyatının Askar Egeubaev şiirlerine olan etkisi Influence of Ancient Turkic Literature on Poetry of Askar Egeubaev	
<i>Әзібаева Б.</i> (Алматы)	«Мұнлық, Зарлық» жыры – көне эпос үлгісі	
<i>Azibayeva B.</i> (Almatı)	«Munluk, Zarlık» - образец древнего эпоса “Munlyk, Zarlyk” – Example of Ancient Epos	26-35
<i>Терентьева О.Н.</i> (Чебоксары)	Религиозные и мировоззренческие основы чувашского народа (на материале фольклора)	
<i>Terenteva O.N.</i> (Çeboksarı)	Шуваш халқының діни және дүниетанымдық негіздері (Фольклор материалдары бойынша) Çuvaş halkının dini ve dünyagörüşününun temelleri Religious and World-outlook Principles of Chuvash People (on the materials of folklore)	36-42
<i>Илларионова Т.</i> (Саха)	Композиция героического эпоса «Эр Соготох»	
<i>Illariyonova T.</i> (Saha)	«Эр Соготох» батырлық эпосының композициясы “Er Sogotoh” kahramanlık destanının kompozisyonu Composition of Heroic Epos “Er Sogotokh”	43-64
<i>Танауова Ж.</i> (Түркістан)	Күлдіргі әңгімелердің түркі халықтары фольклорында зерттелуі туралы	
<i>Tanauova J.</i> (Türkistan)	Об исследовании смешных рассказов в фольклоре тюркских народов Türk halkları folklorındaki fıkıaların araştırılması hakkında Research of Funny Stories in Turkic Peoples Folklore	65-72

<i>Шойбеков Б. (Түркістан)</i>	Жасампаз жазба айтыс Созидающий письменный айтыс	73-76
<i>Soybekov B. (Türkistan)</i>	Aktuel yazılı atışma Creating written aitys	

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

<i>Пачкалов А.В. (Москва)</i>	Трансгрессия Каспия и судьбы золотоордынских городов Каспий трансгрессиясы және Алтын Орда қалаларының тағдыры	77-89
<i>Paçkalov A.V. (Moskova)</i>	Altın Orda şehirlerinin tarihi ve Kaspi transgressiyonu Kaspi Transgression and Fortunes of Gold Horde Towns	

<i>Гюлер Ж. (Түркия)</i>	Краткий обзор материалов относительно истории и культуры Казахстана, изданной между 1923-2007 гг. в Турции 1923-2007 жылдар аралығында Түркияда Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жарияланған материалдарға қысқаша шолу	90-100
<i>Güler C. (Türkiye)</i>	Tükiyede 1923-2007 yıllar aralığında Kazakistan Tarihi ve kültürü hakkında çıknış alan yayınlara değerlendirme The view of materials about the history and culture of Kazakhstan published between 1923-2007 in Turkey	

<i>Smagulov N.K. (Қарағанда)</i>	Problems of regional and national safety in counties of post soviet Central Asia in the context of relationships between religion and state Проблемы региональной и национальной безопасности в странах постсоветской Центральной Азии в контексте взаимоотношении между религией и государством	101-107
<i>Смағұлов Н.К. (Қарағанды)</i>	Din ve devlet ilişkisi açısından Orta Asya devletlerindeki din ve milli güvenlik problemleri Дін және мемлекет аралығы контексіндегі посткеңестік Орталық Азия мемлекеттеріндегі діни және ұлттық қауіпсіздік мәселелері	

ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

<i>Жұмабайұлы Б. (Үрімжі)</i>	Аспан әлемі сөйлейді (Түрік қандасты казак халқының ежелгі наным-сенімдері) Говорит мир неба (Древние верования казахского народа)	108-128
<i>Jumabayulu B. (Ürümçei)</i>	Gökyüzü konuşuyor (Türk asıllı kazak halkının eski inançları) About the World of Heaven	
<i>Құмарұлы Я. (Үрімжі)</i>	Байырғы көшпелілерінің Қытайдың орта жазық әскери мәдениетіне әсері Влияние древних кочевников на военную культуру Китая	129-151
<i>Kumarulu Y. (Ürümçei)</i>	Eski göçmenlerin Çin'in orta düz askeri kültürüne olan etkisi Influence of Ancient Nomads on Military Culture of Chinese Central Valley	

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

<i>Жұмағұлов Қ., Әбу А.</i> (Алматы)	Түркі кезеңінің (оғыздардың) ескерткіштері Памятники тюркского (огузов) периода	152-158
<i>Jumagulov K. Abu A.</i> (Almati)	Türk devrinin (oğuzların) abideleri The monuments of the Turkic (oguz) period	

РЕЦЕНЗИЯ

<i>Камалқызы Ж.</i> (Түркістан)	Кеменгердің кезінде айтқан келелі ойлары Великие мысли сказанные мыслителем	159-163
<i>Kamalkizi J.</i> (Türkistan)	Düşünürün zamanında söylediği büyük düşünceleri The greut ideas told by the thinker	

Түзету

Түркология журналының 2008 жылғы 5-6 санындағы Д.Ш.Атаджанованың атынан жарияланған «Своеобразные особенности диванописания и об одной классификации диванов» атты мақаланың авторы Отабек Жорабаев екенін ескертеміз.